



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№56-57
(19932-19933)



18 сәуір, сенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

ҰЛАНЫ ӨССЕ, ҰЛТЫНА ПАНА



Мемлекет басшысы аумақтық қорғаныс бригадасының әскери қызметшілерімен кездесті

Қазақстан Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елордада әскери жиынға шақырылған аумақтық қорғаныс бригадасының әскери қызметшілерімен кездесті. Сондай-ақ Қарулы Күштердің техникалық дайындығын және қала әкімдігінің Төтенше жағдайды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысын тексерді. Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаев Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысына еліміздегі әскери қызметін өтеуге міндетті азаматтарды арнайы жиынға шақыру

барысы, коронавирус пандемиясына қарсы күресте әскери қызметшілердің техникалық және жауынгерлік жабдықталуы туралы баяндады. Қасым-Жомарт Тоқаев министр мен әкімнің есептерін тыңдағаннан кейін дезинфекциялау жұмыстарына ерекше мән беруді тапсырды. Мұндай жұмыстар, әсіресе, ірі қалаларда кең көлемде жүргізілуі керек. – Нысандарды күзету, көшедегі тәртіпті сақтау аса маңызды міндет екені түсінікті. Дегенмен, қазіргі жағдайда басты міндет – дезинфекция

жасау. Бұл – өте қауіпті вирус. Сондықтан дезинфекция жасамаса, ешқандай оң нәтиже болмайды, – деді Президент. Мемлекет басшысы Төтенше жағдай режимінің барлық талаптарын бұлжытпай орындау қажет екенін айтты. – Шағын бизнесті шығарамыз деп жатырмыз. Жалпы қаланың тұрғындары карантин режимін міндетті түрде сақтауы керек. Онсыз болмайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы әлеуметтік міндеттемелерді орындаудың және медицина қызметкерлеріне сыйақы төлеудің маңызды екенін атап өтті. Сонымен қатар жаңа жұқпалы

аурулар емханасын салу мәселесіне арнайы тоқталды. – Келесі аптада аталған емхананы барып көреміз. Бұл емхана өте қысқа мерзімде салынып жатыр. Оның құрылысы бар-жоғы екі аптаның ішінде бітуі керек. Ең алдымен, оның сапасына ерекше мән беру қажет, – деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға шақырылған әскери қызметшілердің алдында сөйлеген сөзінде олардың ел үшін қызмет етуге келгендеріне ризашылығын білдірді. – Баршаңызға шынайы алғысымды білдіремін. Сіздер өте маңызды жұмыс атқарып жатсыздар. Бұл – нағыз патриотизмнің көрінісі. Қазір адамдардың көбі патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік туралы көп әңгіме айтады. Бірақ нақты іске келгенде бұғып қалады. Ал сіздер еліміз, Отанымыз үшін өз еріктеріңізбен осында қызмет етуге келіп отырсыздар. Сондықтан баршаңызға шын жүректен алғыс айтамын, – деді Жоғарғы Бас қолбасшы. Президент халқымыздың осы уақытша қиындықты еңсеретініне сенім білдірді. – Қазіргі ахуал күрделі. Бірақ бәріміз бір ұлт, бір халық болып осы қиындықтарды жеңіп шығатынымызға ешқандай күмәнім жоқ. Бәрі жақсы болады. Біз, ең алдымен, қарапайым халыққа көмек көрсетіп жатырмыз. Бюджеттен, Ұлттық қордан қыруар қаржы бөліңді. Ең алдымен біздің алдымызда тұрған мақсат – қарапайым халыққа қолдау көрсету. Халықсыз ешқандай экономика болмайды. Сондықтан патриотизм деген бұл қасиетті ұғымды нақты іспен дәлелдеу керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚҰРМЕТТІ ОБЛЫС ТҰРҒЫНДАРЫ!

Қызылорда облысының әкімдігі коронавирусқа қатысты жедел әрі нақты ақпарат тарату мақсатында “400-100.kz” ресми сайтына іске қосты.

Бұл ресурста облыс аумағындағы коронавирусқа қатысты күнделікті статистика, аудандар бөлінісіндегі деректер, брифингтер, нормативтік-құқықтық актілер, жедел желі телефондары, жаңалықтар орналастырылады. Сонымен қатар, аурудың алдын алу, белгілері, инфографикалар, суреттер форматындағы тәртіп ережелері және басқа да пайдалы ақпарат жарияланады. Сондай-ақ, блок-посттардан өтуге арналған өтінім үлгілерін осы жерден алуға болады. Сіздерден тек ресми ақпарат көздеріне сенуді сұраймыз.

● АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

ҚОРДА 10475,4 ТОННА ӨНІМ БАР

Өңірде әлеуметтік маңызы бар негізгі азық-түлік тауарларының қоры жеткілікті. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, қоймада және тұрақтандыру қорында 10475,4 тонна осы маңыздағы өнім сақтаулы және олар тұрғындарға сатылуда. Сонымен қатар, «Байқоңыр» ЭКК» АҚ-ның тұрақтандыру қорында (жолда келе жатқан көлемдерді қоса есептегенде) 2500,8 тонна өнім халықтың тұтынуына дайын.

Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы».

Мәселен, 1053,8 тонна I сортты ұнның 213,8 тоннасы қоймада тұрса, «Раманов и КО» серіктестігінде 712 тонна (128 тоннасы жолда). Сонымен қатар, 208,4 тонна күріш, 143,6 тонна қант, 97,7 тонна макарон өнімдері,	456,6 тонна картоп, 193,9 тонна сәбіз, 67 тонна пияз, 23,1 тонна капуста, 37,7 тонна құнбағыс майы, 1,2 тонна тұз, 50 тонна сиыр еті, 50 тонна құс еті, 47 тонна сүт, 12 тонна айран, 0,3 тонна сүзбе, 1 тонна сары май бар.
--	--

2-бет.

● ЖӨН СӨЗ



«ІНДЕТТІ ӨСІРЕТІН ДЕ, ӨШІРЕТІН ДЕ ӨЗІМІЗ»

Бүгінгі таңда еліміз, бүкіл әлем қауымдастығы қиын-қыстау кезеңді бастан өткеріп отыр. Әлемнің 180-нен астам мемлекетіне қатар жайылып, 1,4 миллионнан астам адам жұқтырған індет салдарынан жабандық экономика адамзат тарихы көрмеген күйзеліске душар болды. Осындай сын-көтерлі кезеңде қоғамның ауыз бірлігі, ынтымағы, сондай-ақ қатаң тәртіпті сақтауы, дағдарыстан жедел әрі тиімді шығудың басты факторларына айналды.

3-бет.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 44-сессиясы 2020 жылғы 21 сәуірде сағат 16:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) ахуалдық орталығында бейне-конференц байланысы арқылы өткізіледі. Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады: 1. «2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 374 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. 2. Қосымша мәселелер. Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы 2020 жылғы 21 сәуірде сағат 11:00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат.

ЗАҢСЫЗ САТЫЛҒАН СПИРТ ТӘРКІЛЕНДІ

Облыс бойынша экономикалық тергеу департаменті заңсыз спирт сатудың тағы бір фактісін анықтады.

Еліміздегі төтенше жағдайды жеке пайдасына жаратпақшы болған Шіелі ауданының тұрғыны көтеріңкі бағамен (әр бутыл 1800 теңгеден) спирт сатқан. Заңсыз әрекет жасаған азаматтан сыйымдылығы 5 литрлік 77 бутылда 385 литр спирт айналымнан алынды.

Аталған заңсыздық бойынша материал «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі 463-бабы бойынша тиісті тіркеусіз кәсіпкерлік немесе өзге де қыз-

метпен айналысқан тұлғаны жауапкершілікке тарту үшін облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментіне берілді.

Ал тәркіленген этил спирті залалсыздандыру құралдарын дайындауға пайдалану үшін облыстық денсаулық сақтау басқармасына берілді.

ҚР ҚМ Қаржы мониторингі комитеті облыс бойынша ЭТД баспасөз қызметі.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ



Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ.

АРЗАНДАТЫЛҒАН ЖАНАРМАЙ ШАРУАЛАРҒА ЖЕТКІЗІЛУДЕ

Баршаға белгілі, 31 наурызда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі төтенше жағдай мен дағдарысқа қарсы іс-шаралар жөнінде мәлімдеме жасады. Президент барша қазақстандықтарды сабыр сақтап, орын алған қиын жағдайға түсіністікпен қарағандары үшін алғысын жеткізіп, сәуір айынан бастап халыққа қандай қосымша мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілетінін айтты. Бұл қолдау шараларының әрқайсысы бойынша нақты шешімдер шығып, тиісті тапсырмалар да берілді. Осының ішінде көктемгі егіс науқанын уақытылы өткізу де бар. Мәлімдемеде айтылғандай, алдымен шағын және орта шаруа қожалықтарына қолдау көрсетілуі тиіс.

Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы».

2-бет.



АРЗАНДАТЫЛҒАН ЖАНАРМАЙ ШАРУАЛАРҒА ЖЕТКІЗІЛУДЕ

Күріш өсірумен айналысатын Сыр халқының биылғы күдігінің ең бастысы су болса, екіншісі жанармай мәселесі еді. Президенттің Үкіметке тапсырма бергені белгілі. Онда нарықтағы бағасын 15 процентке азайтып, шаруашылық техникасына өте қажет жанармайды 165 тенгеге дейін төмендетуге тиіс екіндігі айтылған.

Күз бен көктемгі егін егу, дала жұмыстарын ойдағыдай жүргізуді жанар-жағармайсыз көзге елестету қиын. Шаруасына мығым егіншілерге бұл мәселе де онтайлы шешілген сыңайлы. Облыста диқан қауымының жұмысын жүргізуге мемлекет тарапынан жеңілдетілген бағамен дизель отыны бөлінген. Ал қала мен барлық аудандағы шаруашылық иелеріне жеткізіп беруші операторлыққа «Нефтьтранс-Қызылорда» ЖШС мен «РК-Мұнай» компаниясы белгіленіпті. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы ұсынатын тапсырысқа сәйкес, күз бен көктемгі егіс кезінде бөлінетін 28 мың тонна дизельді жеткізуші осылар.

«Нефтьтранс-Қызылорда» ЖШС 2004 жылы құрылған. Компания қызметінің басты бағыттары – мұнай өнімдерін тасымалдау, көтерме бағамен сату, автокөлік және халыққа қызмет көрсету салалары. Осы 15 жылдан астам уақыт аралығында облыстағы мұнай саласындағы ең ірі «ҚазМұнайГаз», «КАМ», «КазГЕРМұнай», «ПетроҚазақстан Ресорсиз», «ҚуатАмлонМұнай», «Саутс ойл» секілді ірі компанияларда бас мердігер ретінде қызмет көрсетіпті.

– Кәсіпорын материалдық-техникалық базамен жабдықталған. Атап айтсам, GPS навигациялық жүйесімен қамтылған, мұнай тасымалдауға арналған 100 дана техникамыз бар. Жаңақорған қыстағында сыйымдылығы 7 мың шаршы куб болатын мұнай өнімдерін сақтау қоймамыз тұр. Қызметкерлер мен жұмысшы мамандар жоғары кәсіби деңгейде дайындалған. Тасымалдау кезінде туындаған қиыншылықтарға дер кезінде төтеп бере алады, – дейді компания директоры Нұрмыжан Сопбеков.

Биыл наурыз айының басында жанармай 1-бет.

● ЖЕДЕЛ ЖЕЛІДЕ

АУРУ НЕҒҰРЛЫМ ЕРТЕ АНЫҚТАЛСА...

Жұма күні аймақта індет жұқтырғандар саны 143-ке жетті. Оның ішінде Қызылорда қаласында 21, Арал ауданында 4, Қазалыда 2, Қармақшыда 4, Сырдарияда 25, Шиеліде 59, Жаңақорғанда 28 жағдай. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусаметов мәлімдеді.

Сб Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы».

– Осы уақытқа «COVID-19» вирусының жанадан 12 дерегі анықталды. Оның үшеуі Қызылода қаласында, тоғызы Жаңақорған ауданында тіркелді. Жанадан анықталғандардың біреуі Жезқазған қаласынан вахта-лық жұмыстан келген азамат

болса, 11-і бұрын нақтыланған наукастармен байланыста болған. Сондай-ақ, жанадан тіркелгендер арасында екі медицина қызметкері бар. Қазіргі кезде наукастардың жағдайы бірқалыпты, емдерін алуға. Наукастардың санынан коркудың қажеті жоқ. Өйткені

біз ауруды белсенді түрде анықтау сатысына көштік. Неғұрлым ерте анықталса, соғұрлым ерте емдеп, жазуға болады. Сондықтан жедел-респираторлы ауру белгілері байқалған жағдайда кез келген наукас дәрігер көмегіне жүгінгені жөн, – деді басқарма басшысы.

Сонымен бірге індет жұқтырғандармен байланыста болған 2162 адам анықталды. Оның 1128-і жақын қарым-қатынаста, 1034-і жанама байланыста болған.

Ал жеті наукас індетінен жазылып шықты. Олар алдағы 14 күн бойы аймақтық емхананың бақылауында болады. Аймақта барлығы 17 наукас кеселден айықты.

ҚОРДА 10475,4 ТОННА ӨНІМ БАР

«Мирас», «Ажар» сауда үйлерінде 520 тонна әлеуметтік маңызы бар өнім қоры сақталып, сатылуда. Басқа да сауда орындарында 7454,6 тонна әлеуметтік өнім бар. Сонымен қатар, облыстағы күріш өндірушілер мен өңдеушілердің қоймаларында әлеуметтен түрде 172,5 мың тонна күріш салысы сақталып тұр. Қазіргі төтенше жағдайды ескере отырып, облыс әкімінің резервінен 105,8 мың тонна күріш салысы сақталып тұр. 720 тонна өнім сатып алынды. Қосымша 3579,1 тонна өнім қорын қалыптастыру үшін облыстық бюджеттен 776 млн теңге бөлініп, «Байқоңыр» ӘКҚ» АҚ-мен қосымша 500 тонна I сортты ұн, 134 тонна кант, 100 тонна макарон өнімдері, 500 тонна картоп, 200 тонна сәбіз, 50 тонна сиыр еті, 50 тонна тауық еті, 47 тонна сүт, 12 тонна айран, 0,3 тонна ірімшік, 1 тонна сары май сатып алынды» дейді мамандар.

Айта кетейік, алдағы уақытта отандық тауар өндірушілерден 1075 тонна ұн, 500 тонна күріш, 100 тонна

пияз, 35 тонна қырыққабат, 100 тонна рожки, 153 тонна өсімдік майы, 50 тонна сиыр еті, 4 тонна ас тұзы сатып алынады деп жоспарлануда. Ал тез бұзылуға бейім азық-түлік өнімдері бойынша сауда әріптестермен күнделікті қажеттілікке сәйкес тікелей әлеуметтік дүкендерге жеткізіліп отырады.

Облыста қосымша 2000 тонналық заманауи жабдықталған көкөніс сақтау қоймасы іске қосылып, оған сатып алынған көкөніс өнімдері орналастырылған. Осы күні облыста 28 әлеуметтік дүкен жұмыс істейді. Жыл аяғына дейін қосымша 34 дүкен ашылмақ.

Облыс әкімдігі өңірлік тұрақтандыру қорының өнімдерін аудандарға сату жөнінде кесте бекітіп, 1-2 сәуірде Шиелі, Жаңақорған аудандарында, 5-8 сәуірде Қармақшы ауданы мен Байқоңыр қаласында жаппай сату жүргізілді. Бұдан бөлек, Жалағаш ауданына 30 тонна ұн жіберілді. Алдағы уақытта тұрақтандыру қорының өнімдерін Қазалы, Арал аудандарына, Байқоңыр қаласына жөнелту жоспарлануда.

Төтенше жағдайға орай, республиканың бірқатар өңірлеріне, атап айтқанда, Алматы, Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Павлодар, Ақтөбе, Өскемен, Манғыстау, Қостанайға 5 мың тоннаға жуық күріш жармасын өткізуге өндіруші кәсіпорындармен келісімдер жасалып, тасымалдануда.

Қалыптасқан жағдайда облыста көкөніс өнімдеріне тапшылық болдырмау үшін Түркістан облысы мен Шымкент қаласы әкімдіктерімен аптасына бір рет кәсіпкерлердің сатып алынған өнімдерін кедергісіз өткізу жұмыстары ұйымдастырылып, ерте пісетін көкөніс өнімдерін облысқа кедергісіз жеткізу туралы меморандум бар.

КР Ауыл шаруашылығы министрлігімен облыс тұрғындарына қажетті ұн көлемдерін бөлу жөнінде меморандумға қол қойылып, қажетті ұн жеткізу бойынша жұмыс атқарылууда.

Аймақтың тауар өндірушілері мен сауда орындары қазіргі уақытта қалыптасып отырған жағдайға сәйкес кездесу өткізіп, мәселелер толық шешімін табууда.

● ОНЛАЙН БРИФИНГ

ЖАЗБА АҚЫНДАРДЫҢ ОНЛАЙН АЙТЫСЫ



– Төтенше жағдай жарияланғалы барлық шараларды онлайн форматқа көшірдік. Осыған дейін түрлі 1497 онлайн мәдени шара қолға алынды, нәтиже жаман емес. Оған 159 479 көрермен қамтылды, қаралым саны да жоғары. Арнайы медиа-жоспар әзірленді, тиісті жұмыстарды жалғастырудамыз. Бұл ретте әлеуметтік желінің пайдасы орасан. Біз барлық жобаларды, онлайн концерттер, қойылым, экскурсия, лекция, танымдық сағаттар мен виртуалды көрмелерді түрі желілерге орналастырудамыз. Әлеуметтік желілерге тіркелмеген тұрғындар

Онлайн – баршаға оңтайлы жүйе. Бүгінде оның тиімділігі мәдениет саласында да байқалуда. Мұны облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Әбуова өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлімдеді. Басқарма басшысы карантин барлық жоспарды түбегейлі өзгерткенімен, оның адамдардың өнерге деген қызығушылығын бәсеңдетпегенін айтты.

Сб Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы».

бары да ескерілді. Басқарма «YouTube» бейнехостингінен «Сыр шаңырағы» каналын ашып, логотипін бекітті. Жоспарға сәйкес, күнделікті бейне-материалдар каналға жүктеліп отыр, – деді Мира Әбуова.

Бұдан бөлек, басқарма басшысы 13-сәуірден бастап Алтын Орданың 750 жылдығына орай «Алтын Орда мемлекеті – Ұлы дала өркениеті» атты облыстық онлайн жазба ақындар айтысы басталғанын және оның көптің қолдауына ие болғанын алға тартты. Желіні әсем әуендерімен көмкеріп жүрген облыстық филармония әншілері

мен жыршы-термешілердің өнер ұжымдарының еңбегі ерен. Осы шаралар легі сәуір-мамыр айларында «YouTube» видеохостингі мен әлеуметтік желілерде «Шәмші әндері Сыр елінде» атты әндер шеруімен, «Мәртебелі классика» лекция-концерттерімен және тағы басқа мәдени шаралармен жалғаспақ. Ал, архив саласына тоқталатын болсақ, жоспар бойынша бекітілген жұмыстар қашықтан жүзеге асуда. Архивтік анықтамаларға сұраныстар электронды үкімет порталы (e-gov.kz) арқылы келіп түсуде және олар дер кезінде орындалып отыр.

СПОРТШЫЛАР ЭРДАЙЫМ БАБЫНДА

Қазіргі таңда елімізде қазақстандық спортшылардың халықаралық жарыстарға баруына, оқу-жаттығу жиындарына қатысуына тыйым салынған. Сондай-ақ, төтенше жағдай жарияланған күннен бастап түрлі деңгейдегі спорттық іс-шаралар тоқтатылды.

– Десе де, қызылордалық саидактар өздерінің бабын сақтап, дайындығын жасауды ұмытқан жоқ. Сондықтан күн сайын таңертең 8.00-ден кешкі 20.00-ге дейін үйден шықпай, дене жаттығуын жасайды. Оған қоса, көпшілікке арналған шеберлік дәріс әлеуметтік желіде көрсетілуде. Жерлесіміз, ауыр атлет Илья Ильиннің «Карантиндегі спортшы» тақырыбында жаттығуы тікелей эфирде «YouTube» арнасында жүріп жатыр, – деді облыстық

дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жақсылық Оспанов өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте.

Бұдан бұрын наурыз, сәуір айларында өңірде облыстық, республикалық жарыстар белгіленген болатын. Төтенше жағдайға байланысты олардың уақыты екінші жарты-жылдыққа шегерілді. Дегенмен, бірқатар онлайн жарыстар өткізу жоспарда бар. Мәселен,

сайыскерлер 25-26 сәуір күндері таэквондодан жастар арасында облыстық жарыс және 27-28 сәуір күндері қаратәдодан жасөспірімдер арасында ката бағдарламасы бойынша бәсекеге түседі.

Оған қоса, «Қайсар» футбол командасының ойыншылары да дайындықты далада жүргізбесе де, жеке-жеке жаттығып жатыр. Қауіпті індетке байланысты легионерлер де елдеріне қайтарылған жоқ. Қазіргі таңда команда онлайн режимде жаттығу жасауда. Карантин аяқталғаннан кейін барлық спорттық шаралар мен оқу-жаттығу процестері күнтізбелік жоспарға сәйкес әрі қарай жалғасады.

«СБ» ақпарат.

КОММУНАЛДЫҚ ТӨЛЕМ АРЗАНДАДЫ

Өңірде карантинге байланысты коммуналдық қызметтерді тұтыну 30 процентке артқан. Ал сала мамандары халықтың қордаланған қарызына қарамастан, қызмет көрсетуді тоқтатқан жоқ. Керісінше, қызмет құны 40 процентке арзандады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Медет Усаин мәлім етті.

Сб Дәулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы».

– Төтенше жағдайға байланысты облыстағы барлық коммуналдық кәсіпорындар штаттық кестеге сәйкес қызмет атқаруда. 1 сәуірден бастап барлық тариф төмендетілді. Мәселен, электрмен жабдықтау 9, жылумен жабдықтау 10, сумен жабдықтау 10,6 және су бұру қызметі 12 процентке арзандаған. Десе де, тұрғындардың қызмет ақысын уақытылы төлемеуі жалғаса берсе, сала мамандарының сапалы қызмет көрсетуіне кері әсерін тигізеді. Тіпті, саладағы жұмысшылардың да жалақысы уақытылы берілмеуіне әкеледі. Олардың да үйінде бала-шағасы күтіп отыр. Төлем жасау үшін онлайн режимде немесе қала аумағындағы 700 телефоналдың



қызметін қолдануға болады, – дейді М.Усаин.

Өңірде «Тіршілікті қамтамасыз ету» тобы құрылып, барлық коммуналдық кәсіпорындар осы топқа біріктірілген. Штабтың басты міндеті – төтенше жағдай кезінде жүйелі

22-23, 90-22-02, газ бойынша 104, 112, 109, «Қызылорда су жүйесі» мекемесіне 23-03-03, 8-707-599-59-58, 8-705-142-08-04, 23-04-45, жылу мәселесіне байланысты 25-00-45, 25-02-99 телефондарына қоңырау шала аласыз.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК УАҚЫТША ТОҚТАДЫ

Қызылордадағы қоғамдық көліктер мен аялдамалар тұрақты түрде дезинфекцияланып жатыр. Оған «Қызылорда тазалығы» серіктестігінің жұмысшылары жұмылдырылды.

Сб Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы».

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Дамір Төлеуовтің айтуынша, көлік инфрақұрылымы нысандарының басшылығына қауіпсіздік және аурудың алдын алу шараларын қамтамасыз ету жөнінде тапсырмалар берілді. Оның орындалуы каперде.

Ал ел аумағында төтенше жағдай режимінің орнауына

байланысты 14 сәуірден бастап қоғамдық көліктер қозғалысына тыйым салынды. Басқарма өкілі өңірде жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға биыл 19 млрд теңге бөлінгенін, 65 шақырым автомобиль жолы мен көшелер жөнделетінін жеткізді.

– «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында құны 1 млрд 56 млн теңге болатын 32 жоба жүзеге асырылады.



Облыстық бюджеттен бөлінген 7,6 млрд теңге жол жөндеуге, «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасын, «Ауыл – ел бесігі» жобасын орындауға бағытталып отыр, – деді ол.

● ЖӨН СӨЗ

«ІНДЕТТІ ӨСІРЕТІН ДЕ, ӨШІРЕТІН ДЕ ӨЗІМІЗ»

Сондықтан қазіргі таңда ең бастысы – еліміздің тұтастығын сақтап, түрлі арандатушылыққа алданбай, мемлекет жүзеге асырып жатқан бағыт аясында жұмылу.

Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаев «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласында (8 сәуір 2020 ж.) елдің кемел келешегін көздеген келелі ойлармен бөлісіп, халықты бірлікке шақырды.

Коронавирус індеті Адамзатқа қауіп төндіре бастады. Өркениетті алып мемлекеттер жанталаса осы індетпен күресуде. АҚШ, Италия, Франция, Германия мемлекеттері қыруар қаржы бөліп, тосыннан келген індетпен күресіп жатыр.

Қытайдан басталған індет Қазақстанға да келіп жеткен болатын. Президент Қ.Тоқаев осы індетке қарсы қатаң шаралар қабылдады. Үкіметке арнайы тапсырмалар берілді. Бүгінде Қазақстанның біраз қалалары біртіндеп карантинге жабылып жатыр.



«Айта кеткен жөн болар АҚШ және Еуропа елдеріндегі жағдай – коронавируспен күрес барысында жиі берілген қателігі. Сонымен қатар еуропалықтардың табиғи ынтымақ-бірлікке психологиясының бейімделмеуі» – дейді ДДҰ-ның бұрынғы қызметкері Тикки Пангету. Осыған дәлел Қытай, Оңтүстік Корея, Сингапур елдеріндегі денсаулық сақтау мамандары дерттің алдын алудың жолы оны анықтайтын жаппай экспресс тестілеу (анализ) жүйесін енгізудің арқасында індет таралуы тежелді. Қазір бұл елдерде дерттің беті қайта бастады.

Тағы бір тәсілдері вирус жұқтыру ықтималдылығы басым нүктелерге сырттай бақылау қойылған.

Індетке қарсы атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Бірақ індет неге өршіп барады?

Сыр өңірінде алғашқы вирус белгісі 28 наурызда байқалған болатын. Ертересіне індет жұқтырған тағы бір адам анықталды. Дертке ілінген науқастардың саны бесеуге жеткенде облыс әкімдігі індеттің таралып кетпеуі үшін шұғыл шаралар бекіткен болатын.

Бірақ ескертулерді елемегендердің кесірінен індет іргесін кеңейте бастады. 7 сәуір күні қабылданған қаулы бойынша карантиндік шаралар күшейтіліп, кейбір шектеулер талабы қатай түсті. Облыс аумағына 35 тосқауыл бекеті қойылды. Дегенмен, 2-3 күн ішінде осы бекеттерде төтенше жағдай тәртібін бұзған 200-ден астам оқиға анықталды. Бұл біздің азаматтардың әлі де ескертуді елемей, тәртіп бұзғанын көрсетеді.

Облыста көңілге медет болатын жағдай жоқ емес.

Дүниені дүрліктірген індет, адамзатқа өмірдің, әсіресе денсаулықтың қадірін, сонымен бір мезгілде адам өмірін денсаулықты сақтайтын медицина саласын дамытудың аса маңыздылығын ұқтырған секілді.

Жасыратыны жоқ, біз халыққа сапалы медициналық көмек көрсетуде

1-бет.

● ПІКІР

БЕРЕКЕ – БІРЛІКТЕ, ДЕНСАУЛЫҚ – КҮТІМДЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың үндеуінде әр адам өзін сақтандыру үшін, жұрт көп жиналатын орындарға бармауы, той, отбасылық әр-түрлі шараларды кейінге қалдыруы, өзінің және жақындарының денсаулығына баса мән беруі тиіс делінген. Мұны Елбасы да, Мемлекет, облыс басшылары да ескертіп айтып жатыр.

Халықты сабырға шақырып, жұмыссыз қалған әр санаттағы адамдарға қол ұшын созып, көмектесетіндігі айтылды. Көмектескендігі емес пе? Жұмыстан қысқарғандар, кәсібін уақытша тоқтатқандар, жалпы жұмыс жасамайтындар және де баласы бір жастан асқан бала күтімінде отырған аналарға да 42500 теңге төленуде. Оны көріп отырмыз. Ағайын тәртіпке бағынайық, үйден шықпайық. Алладан жақсы тілек тілеп өзіміздің, балаларымыздың, ағайын-туыс, жек-

өркениетті елдерден артта қалып келеміз. Қазақстанда денсаулық сақтау саласы даңғыл жолға түсіп, дамып кете алмай жатыр. Бұған елдің жалпы денсаулыққа деген көзқарасы, саяси шешімдері мен даму стратегиялары тікелей әсер ететіні белгілі жайт болса керек.

Мәселен, Қазақстанда дүниежүзілік денсаулық сақтау жетістіктерімен қатар тұратын талапқа сай екі орталық бар. Кардиохирургиялық және нейрохирургиялық. Аз көлемде болса да, науқасқа сапалы көмек көрсетіп келеді.

Ал керісінше, жалпы халыққа немесе мыңдаған, миллиондаған түрлі науқастарға көрсетіліп жатқан жағдай мәз емес. Емханалар мен ауруханалар талапқа сай ма? Негізгі мәселе осында. Оларды қаржыландыру немесе тиісті медициналық құралдар мен жабдықтар мәселелері тереңде жатыр. Науқастарды емдеуге шектеу қойылған.

Осыған орай «Халық денсаулығы туралы Кодекс» қабылдану керек

Әр жерде коронавирустың типтік өзгерістері кездесіп жатқаны мәлім болды. Осыған байланысты әлі ортақ шешім жоқ. Өлім шығыны әр жерде әртүрлі. Сұрақ көп, нақты жауап жоқ.

Менің Сіздерге дәрігер ретінде мәлімдеп отырғаным: жоғарыда айтылған Ресей ғалымдарының болжамы көңілге қонағын сияқты. Өйткені, олар адам денесінің құрамына сүйеніп (физиологиясы), табиғатпен байланысты екенін дәлелдеп отыр. Сондықтан мен осы болжамның дұрыстығына көзім жеткен сияқты. Басқа да айтылып жатқан болжамдарды жоққа шығара алмаймын. Бәрі де мүмкін.

Құрметті жерлестер!

Біз індеттің шарықтау шегін әлі өткізген жоқпыз. Қазір бұл жағдай қашық және қалай аяқталатынын ешкім болжай алмайды. Індетті өсіретін де, өшіретін де – мен, сен, анау, бәріміз, араша болатын да өзіміз. Сондықтан бізге сақтану шараларын біркөсідей орындап, оқшауландудан басқа жол жоқ. Дәрігер ретінде қайталап айтамын, вирус басқа да бактериялар сияқты біздің денемізде бар. Бірақ оның энергиялық қуаты әлсіз, яғни, ғалымдардың айтуы бойынша 5,5-14,5 Гц-ны құрайды. Ал біздің денеміздігі энергиямыз 25 Гц-дан жоғары. Сондықтан біз, бұған берілмей жүре береміз. Жоғары өрісте (диапазонда) жүгу қуаты жоқ деген сөз. «Сонда бұл қалай жұғалды?» деген сұрақ бар.

Жауап ретінде айтатын болсақ, Сіздің көңіл-күйіңізге көп байланысты. Егер Сіз көңілсіз үрейде, қорқынышта, күйгелек, өкпешіл, ашуланшақ болсаңыз, бойыңыздағы тербеліс (вибрация, тенселіс) қуат төмендейді. Оған қоса созылмалы науқасқа шалдыққан адам болса, вирустың жұғу қаупі жоғары деген сөз. Ал 65 жастан жоғары адамдардың иммунитетіне тікелей байланысты. Негізінен бұл жастағы адамдардың иммунитеттері төмен болады.

Ал көңіл-күйі жоғары, ризашылық танытсаңыз, жүрек қуанышы, жан ашулық, басқаларға бірлік көңілде болсаңыз, вирустан қорқатыны жоқ. Өйткені, Сіздің бойыңыздағы тербеліс жоғары сатыда. Егер Сіз оқшауланып, оның үстіне сақтану тәртібін бұзып жатсаңыз, кінәлісіз, вирусты өзіңіз шақырып жатырсыз.

Сондықтан, біз тез арада мақсатымызға жету үшін, соған барар жолдағы жоғарыда айтылған кедергілерді жоюдан бастауымыз керек.

Ал нақты мәселелерді сол саланың отына кіріп, күлімен шығып жүрген кәсіби маман ғана (вирусологтар, эпидемиологтар) айта алады, біз оларды тыңдауымыз керек.

Қадірлі ағайын!

Мемлекетіміз уақытша қиындықтан шығу үшін, қолдан келгеннің бәрін жасап жатыр және жасайды да. Осынау сын сағатта азаматтарымыз қамқорлықсыз қалмайтындай істер жүзеге асырылып жатыр.

Уақытша қиындыққа берілмей, болаттай бекем, бәріміз бір арнада болып, абыроймен еңсеруге, дағдарысқа қарсы іс-шараларды ширатып сабырлы болуға шақырамын.

Мен бұл кездері алдыңғы шекте өлім мен өмір ортасында күресіп жатқан әріптестеріме «Анттарыңызға адал болыңыздар, абыроймен жеңіп шығуларыңызға сенімдімін» деп айтық келеді.

Қадірлі ағайын!

Менің Сіздерге «COVID-19» жөнінде ұсынып отырған парызым. Қазақта «Қайта шапқан жау жаман» деген қағида бар. Бұл індет әркез қайталануы да, созылуы да мүмкін. Сондықтан біз әркез бетін қайтаруға дайын болуымыз керек. Аман-сау болыңыздар!

Тұрғанбай МАХАНОВ,
Қазақстанға еңбегі сіңген дәрігер.
17 сәуір 2020 жыл.

● ПАЙЫМ

Мен – көш бастайтын көсем де, сөз бастайтын шешен де емеспін, жасым жерортадан ауса да, дүниені кезіп, білім қуып жүрген жай ғана қарапайым ұстаз, ана, қазақ әйелімін. Ойымды ортаға салуға Елбасының «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласы түрткі болды.

АЙҒАЙШЫЛ КҮШ ИГІ ІСКЕ КЕДЕРГІ

Дүниені дүрліктірген «COVID-19» салдарынан бір сәтке бүкіл әлемдегі тіршілік тоқтап қалғандай... Жағдай ешбір елге, ешбір адамға оңай соғып тұрған жоқ. Өз мысалымды айтсам, отағасым үйден жырақ, вахталық әдіспен қызмет жасаса, ұлым вирус нағыз ушығып тұрған Шиели ауданында халықтың қауіпсіздігі мен тыныштығы үшін күні-түні тынымсыз еңбек етуде. Өзім білімді көтеру мақсатында Мәскеу қаласында жүрген едім, қалыптасқан жағдайға байланысты отаныма оралып, үйде оқшаулануыма тура келді.

Күнделікті тірлігім барлықтарыңыздың бастарыңыздан өткіріп отырған жайттардан еш айырмашылығы жоқ: әрбір таңның атқанына, жарық дүниені саулыққа көргеніме құдайға сансыз шүкіршілік ете отырып, отбасымның, жақындарымның, таныс-бейтаныс жандардың, еліміздің амаңдығын тілеймін. Келеңсіз күндердің артта қалып, тірлігіміздің қалыпқа келуін қалаймын.

Әлеуметтік желілерде қауесеттер қаптап жүр. «Аңқау елге арамза молда» демекші, кейбір алаяқтар осы сәтті пайдаланып, жеке бас мүдделерін көздеуде. Дегенмен, «судың да сұрауы бар» екендігін естен шығармағанымыз абзал. Бір ауыз сөз ел мен елді жауластырып, бір ауыз сөз ел мен елді татуластырады. Сөз құдіреті осы болар, сезімізге мән берейік...

Карантин шаралары тек біздің елде ғана емес, бүкіл әлемде қабылданды, Мәскеуде де солай. Қалай ойлайсыздар, еріккеннің ісі ме? Жоқ, бұл – үкіметтің халықты қауіпті індеттен аман алып қалу үшін күресі! Дүние жүзі бойынша ауру жұқтырғандар 2 млн-ға жакындады. Қазақстанда мыңнан астам адам. Сыр өңірінде де жағдай күрделі. Облыс әкімі де алаңдаулы, халыққа түсіндірме жұмыстары үздіксіз жүргізілуде...

Елбасы айтқандай, «Жаһан жұртшылығын әбігерге салған пандемия жаңа бүкіл әлемде экономикалық дағдарыс туғызды. Алып кәсіпорындардың жұмысы тоқтады, көлік атуалының қозғалысы шектелді. Мұнайдың бағасы құлдырады. Ел мен ел арасындағы шекаралар жабылып, алыс-беріс тыйылды. Мұның бәрі бұрын-соңды болмаған аса ауқымды рецессияға әкеліп соқтырып, жұмыссыздықты көбейтіп отыр».

3-сәуірде Халықаралық валюта қорының басшысы (ХВҚ) Кристиалина Георгиева әлемдік экономиканың тоқтағаны жайлы мәлімдеді. Оның пікірінше, әлемдік экономика жағдайы 2008-2009 жылдардағы тоқыраудан да нашар. Коронавирус пандемиясының кең етек жаюына орай, Қордан бір мезгілде жедел қаржылай көмек сұраған әлем елдерінің саны 85-ке жетіп, рекордтық деңгейді құрады.

Қазақстанның, қазақстандықтардың әлемдегі орнын елеп, тағдырына алаңдаушылық танытқан бірқатар мемлекеттер – АҚШ, Қытай, Оңтүстік Корея, Жапония, Түркия, Польша, Біріккен Араб Әмірлігі көмек қолдарын созуда.

Қазақ деген әділдігі қара қылды қақ жарған, тектілігі қанында ойнаған халқымыз ғой, қолымызды жүрегімізге қойып тұрып, бір сәтке ойланайықшы... «Біз үшін өліміз не жасап жатыр, неге жасап жатыр?» Мүмкін болатын бүкіл жағдайды жасап жатыр: Ата Заңымызда жазылғандай, «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы» екендігі мен оның өмірі» өкпенің Үкімет үнемі дәлелдеумен келеді.

Қалыптасқан жағдайда қабылданған шараларды айтсақ.

Төтенше жағдайдың енгізілуі нәтижесінде қаржылық жай-күйі нашарлаған жеке тұлғаларға қолдау көрсетіліп, дара кәсіпкерлер мен шағын және орта бизнес субъек-

тілеріне несие, салық қаникулдары жарияланды. Ауыл шаруашылығына субсидиялар көлемі ұлғайтылды. Медицина қызметкерлері үшін арнайы әлеуметтік пакет белгіленді. Ресми тіркелген және тіркеусіз-ақ міндетті әлеуметтік қорларға тиісті жарналарын салып отырған барлық жұмыссыздарға, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға бірреттік көмек ретінде 42500 теңгеден беріледі.

Білім беру online және қашықтан оқыту форматына көшірілді. Білімнің қара шаңырағы атанған өңіріміздегі іргелі оқу орны – Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің сапа саласындағы саясатының негізгі қағидаларының бірі білім беру қызметін одан әрі цифрландыру болғандықтан, соңғы ондаған жылдар бойы тәжірибеде қашықтан оқыту үдерісі кеңінен қолданылып келеді.

Қашықтан оқыту жүйесіне жаппай көшу жалпы орта білім беру саласында, әсіресе шалғай елді мекендерде кедергілер туғызды. Сондықтан, интернет желілері мен тегін сайттар, білім беру платформалары іске қосылды, қажеттіліктері ескеріліп, компьютерлер сатып алынды, уақытша тегін пайдалануға берілді.

Дүниежүзілік экономикалық форумның (ДЭФ) жетекші экономисі Роберто Кротти «РИА Новости» агенттігіне берген сұхбатында: «Пандемия Төртінші индустриалдық революцияны жеделдетеді, бірақ өлемдік саудада өзгерістерге алып келеді. Сандық технологияларды өзгелерге қарағанда неғұрлым аз енгізгендер зардап шегеді» деді. Ойланарлық жайт. 2018 жылы қазақстандықтардың сандық сауаттылығы 79,6%-ті құрады. Цифрлық технологияларды пайдалану мен дамыту арқылы мемлекет экономикасының бәсекелестігін және халық өмірінің сапасын арттыру мақсатында» Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Цифрлық сауаттылыққа 532 мың азамат тегін оқытылды, бұл тізім әлі жалғасуда. Демек, келешектен үміттіміз.

«Әр істің бір игілігі бар» демекші, Үкімет тарапынан қабылданып, ауқымды қолдау тапқан қашықтан оқыту, экономиканы сандық жүйеге көшіру – заман талабы, ұлттық экономиканың қозғаушы күші және тұрақты жұмыс орындарын құрушы. Карантиндік жағдай оның қарқынды дамуына себеп болды.

Үкімет тарапынан жасалған ең басты қолдау – індеттің жаппай таралуының алдын алу шараларын күшейтіп отырғандығы! Мамандар сактық шараларын барлық БАҚ арқылы қарапайым мәтінде тайға таңба басқандай анық түсіндіруде. Ел басына күн туған осынау қиы заманда «Біз еліміз үшін не жасай аламыз?» деген сауал әрбір елжанды азаматты толғандыратыны сөзсіз. Бұл түйіннің шешімі өте қарапайым, орындалуы оңай, бірақ салдары мен пайдасы орасан зор бір ғана жауап – «ҮЙДЕ ОҚШАУЛАНУ».

«Қиындық – келешекке берілген тамаша мүмкіндік». Оқшаулана отырып, келешегімізге көз жүгіртпейік, кемел елдің іргетасын бүгіннен қалайық, ол үшін: ұрпақ тәрбиесін нықтайық, іргемізді нығайтайық, ізденейік, сапалы білімге ұмтылайық. Қазіргі заман бар білімді қанағат тұтатын кез емес. Әлем әлдеқашан үздіксіз білім жүйесіне көшті. Біз «инновациялық», «сандық», «білім экономикасы» деп аталатын қоғамда өмір сүріп отырмыз.

Елбасы айтқандай, «Шынымен көптің қамын көздейтін адам айғай-шыл күшімен емес, игілікті ісімен қызмет еткені дұрыс. Ғайбат пен байбалам орнына ғылым-біліммен шұғылданған абзал».

Гүлшат МҰСАЕВА,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың аға оқытушысы.



ӨТПЕЛІ ӨЗГЕРІС

Қашықтан оқыту: 2 апта артта қалды

Әлемді жайлаған індет бүкіл адамзатты дүр сілкіндірді. Еліміздегі аймақтардың карантинге жабылуы, жұмыстың тоқтауы, қоғамдық шаралардың кейінге шегерілуі – бәрі күтпеген жаңалық еді. Ал, ең үлкен өзгеріс – мектептердің қашықтан оқытуға көшуі.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы».



Бүгінде бұл жүйе бойынша облыста 293 мектепте 161 779 оқушы қашықтан оқытылып жатыр. Оның ішінде 46 проценті қолжетімді интернет платформалары арқылы, 54 проценті телеарналар арқылы білім алуда. Сондай-ақ, ұстаз бен оқушылар арасындағы кері байланыс электронды почта, электронды күнделік, WhatsApp мессенджері, ұялы және стационарлық телефон аясында да жүргізілуде.

– Қашықтан оқыту Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтарына сәйкес ұйымдастырылуда. Бұлай жұмыс жасауда педагогтардың жинақтаған тәжірибесі жоқ болса да, мұғалімдерге цифрлық білім беру ресурстары, электронды оқулықтар, электронды журнал жүйелері таңсық емес. Қазіргі уақытта мұғалімдердің де жұмысы көбейді. Сондықтан оқушылар мен ата-аналар да түсіністікпен қарап, өз үлестерін қосуы қажет деп ойлаймын, – дейді облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бағдат Бердәулетов.

Қазіргі сәтте сабақ қолжетімді интернет платформаларды пайдалану, телесабактар, қолма-қол тапсырмаларды жеткізу тәсілдерімен өткізілуде. «Балапан», «Еларна» телеарналарынан көрсетілетін сабактарға өңірде 90525 оқушы қатысуда. Ал Kundelik.kz, BilimLand, Daryn. Online платформаларымен 71254 оқушы қамтылуда. Электронды күнделікті қолдануға мүмкіндік болмаған жағдайда ұстаздарға қағаз журнал пайдалануға рұқсат етілген. Бұл ретте, мектеп директоры тарапынан педагогтардан артық есеп сұрауға да тыйым салынған.

Аймақта, мұнан бөлек, интернет және ұялы байланысы жоқ 25 шалғай елді мекен бар. Білім басқармасының мәліметіне сүйенсек, мұндағы 2646 оқушы телесабактарды көру арқылы білім алады. Оқушыларға тапсырмаларды жеткізу және орындалған жұмыстарды қайта жинау мектептер тарапынан ұйымдастырылған. Сондай-ақ, оқушы саны 80-ге жуықтайтын шағын жинақталған 22 мектепте 1813 бала да дәл осы тәсілмен оқуда. Демек, облыста дәстүрлі оқыту бойынша шағын жинақталған мектептер жұмыс жасап жатқан жоқ.

Сонымен бірге, елімізде «Qazaqstan» ұлттық арнасынан 1-6 сыныптардың телесабактары жергілікті уақыт бойынша сағат 7.00-10.00 аралығында көрсетіле бастады. Бұл ретте, бастауыш сынып оқушыларына телесабактарды көру ыңғайлы болуы үшін жергілікті «Qyzylorda», «Qoqam TV» телеарналары да сағат 13.20-15.00 аралығында сабактарды қайталап беруде.

– Негізінен телесабактар 1-11 сыныптардың оқу пәндері бойынша әр сабақ 10 минуттан аптасына 5 күн жүргізіледі. 1-2 сынып – 7 пән, 3-4 сынып – 8 пән, 5-6 сынып – 10 пән, 7-11 сынып 14 пәннен аспайды. Оқыту процесін ұйымдастыру барлық мектеп үшін қатаң бекітілген дәстүрлі кесте бойынша емес, икемді, жеке кесте арқылы өткізілуде. Әр күнге берілген оқу тапсырмаларын

оқушылар ыңғайлы уақытында орындайды. Әрі тапсырманы алу әдістері мен құралдары оқушылардың мүмкіндігіне қарай таңдалуда. Оған қоса ата-аналардан оқушылардың тапсырмаларды орындауын фото-бейне арқылы растауын талап етілмейді, – дейді Б.Бердәулетов.

Қашықтан оқыту барысында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау 2 мәрте өтеді. Бөлім бойынша жиынтық бағалау 4-8 мамыр аралығында болса, тоқсан бойынша жиынтық бағалау 18-22 мамырда өткізіледі. Бұл ретте «Өзін-өзі тану», «Көркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Қоғам және дін» пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. Айта кетерлік жайт, осы оқу жылында 9, 11 сынып оқушылары мемлекеттік қорытынды аттестаттау немесе мемлекеттік емтихандар тапсырмайды. Қорытынды баға тек тоқсандық және жылдық бағалар негізінде қойылады.

Ал жаз айында өткізілетін ҰБТ уақыты әзірге өзгеріссіз. Тестілеуді өткізудің форматында да өзгеріс жоқ. Түлектер бытырғыдай 5 пән бойынша 120 сұрақтан тұратын тест тапсырып, ең жоғары 140 балл жинай алады. ҰБТ-ға қатысу үшін 15 сәуірден 30 мамырға дейін онлайн түрде тіркелу жүргізіледі. Тесттің өту барысын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің арнайы мониторингтік тобы мен қоғам бақылайды. Тестілеуді «Digital Agent» қосымшасы арқылы онлайн көруге кез келген адамның мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, ҰБТ өткізу ережелері бұзылған фактілерін байқаған адам фото-видео жазбаларды «Digital Agent» көмегімен тікелей жібере алады. Осы орайда быыл түлектерге де бақылау күшейтіледі екен.

– Тестілеушілерден металл іздегіштен өту барысында тыйым салынған заттар – смартфон, қарапайым телефондар, гаджеттер, қағаз жазбалар, т.б табылған жағдайда, бітірушілер тестілеуге жіберілмейді. Сонымен бірге, ҰБТ аяқталғаннан кейін аудиториялардағы бейнематериалға талдау жасалатын болады. Егер осы бейнежазба барысында тестілеушінің тыйым салынған затты пайдаланғаны анықталса, оның тестілеу сертификаты, грант алған жағдайда оның конкурс нәтижелері жойылады. Ал, дайындық жүргізуге арналған тест сынамалары Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында тегін түрде қолжетімді, – дейді басқарма басшысының міндетін атқарушы Бағдат Камбозұлы.

Жалпы қашықтан оқыту бойынша жұмыс әрі қарай жалғасатын болады. Әрине, бұл жаңа жүйені үйрену қиындық туғызуы мүмкін. Дегенмен, уақыт пен заманның талабы жаңа технологияны менеджеру болғандықтан, алға қарай қадам жасау маңызды. Сондықтан осы тұста білім беру саласына жүктелетін жауапкершілік жүгі ауыр. Ал қазіргі жағдайда сапалы, ең бастысы, нәтижелі білім беру үрдісін ұйымдастыра білсек болғаны.

КӨЗҚАРАС

Қорқыт ата атындағы КМУ – өңірдегі маңдайалды оқу орны. Сол себепті қашан да сапаға сай жұмыс істеп келеміз. Оқу орнының 29 мамандыққа даярлайтын инженерлі-технологиялар институтында 1065 студент білім алады. Оған магистратураның 14 мамандығын қосыңыз. Сонымен қатар, 4 бағыт бойынша PhD докторларын дайындайды. Ел басына күн туған қиын кезеңде олардың барлығы қашықтан оқыту жүйесіне қосылды.

Студенттер білім алуын тоқтатпайды

Қазіргі таңда университет барлық сақтық шараларын қамти отырып, алдыңғы орынға студенттердің сапалы білім алуына жағдай жасап отыр. Білім алушылардың 765-і қала тұрғыны болса, қалған 300-і ауылдық жерде тұрады. Десе де, ауылда тұратындар үшін де қолайлы барлық мүмкіндік қарастырылған. Институттағы 10 ғылым докторы, 69 ғылым кандидаты, 14 PhD докторы мен 62 ғылым магистрі қашықтан оқытуда бойдағы бар тәжірибесі мен білімін салуда.

Бұл жүйеге қосылмас бұрын алдымен оқытушыларды дайындадық. Заман үдерісі соны технологияларға әкелді. Оны игеру, жаңа технологияның мүмкіндігін пайдалану шарт. Сол себепті алғашқы аптада академиялық саясат басқармасы, институт директоры, кафедра меңгерушілері тарапынан бірнеше оқу семинарлары ұйымдастырылып, платформаларды меңгеру шаралары жүзеге асқан. Бүгінде бакалавриат студенттерінен бөлек, магистратурада 98 студент білім алып жүрсе, оның 53-і қалалық жерде, 45-і ауылда тұрады. Ал 14 PhD студенттің барлығы қалада тұрады. Сонымен қатар, 2 докторант сабақта жүр.

Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Назарбаев «Қай елдің білімді жастары көп болса, сол ел мықты болады» деген еді. Инемен құдық қазып, бар ынта-сын білім игеруге, ғылым кенін қазуға жұмсаған әрбір жастың санасына сөзге шашу – ұстаздардың парызы. Өйткені, кемел келешегіміз білім дәрежесімен байланысты. Сондықтан, қысылтаң уақытта оқытушылардың желі платформаларымен жұмыс істеуі барынша қауіпсіздікке жол ашады.

Біз біргеміз

Біз, Қызылорда қалалық білім бөлімі жанындағы ұстаз-ардагерлер алқасы мүшелері, ұстаздар мен шәкірттерге, ата-аналарға жүрекжарды ақ тілектерімізді жолдай отырып, денсаулық, шыдамдылық, бірлік, жеңіс тілейміз. Сонымен бірге, пандемия жағдайында тәртіпті қатаң сақтауға, үйде отыруға, ата-аналарды карантин жағдайындағы уақытты тиімді пайдаланып балалармен бірге кітап оқуға, өзін-өзі дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға шақырамыз.

9,11 сынып оқушылары мектеп бітіру емтихандарын тапсырмайтын болғандықтан, ұстаздар мен ата-аналар қашықтан оқытудың сапасына назар аударса екен. Шәкірттер, ата-ана және ұстаз ақысы сапалы білім мен саналы тәртіппен ғана өтелетінін үнемі назарда ұстаныңдар. Біз, ардагер-ұстаздар, сіздермен біргеміз. Қиын сағатта әрқашан қол созуға дайынбыз.

Жаһан жұртшылығын әбігерге салған коронавирусқа байланысты жарияланған карантин біздің өмірімізге жайсыздықтар әкеліп отыр. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде «...Бұл жағдай Ұлы Отан соғысы кезіндегідей алапат» дей отырып, халықты сабырлыққа шақырды, бұл құлматты бірлікпен жеңіп шығатынымызға сендірді. Рухы биік қазақ халқы тарих сахнасында талай құлматтарды қайсарлықпен табандылықпен жеңген, рухын сындырмаған, шындалған. Бұл қиындықтарды да бірлікпен, ынтымақтықпен, темірдей тәртіппен жеңіп шығамыз.

Білім беру саласы қалыптасқан жағдайға байланысты тарихта алғаш рет бір мезетте мыңдаған шәкіртті қашықтан оқытуда. Бұл жұмыс ұстаздар мен ата-аналарға жауапкершілік жүктейді. Оқушыдан ізденуді талап етеді. Жасыратыны жоқ, қиындықтар бар. Оқушылар ұстаздарын, мектебін сағынады, ұстаздар шәкірттерін көруге асығады, ал ата-ана әрқашанда бәрін ойлап күйзеледі. Бұл қиындықтарды – бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып жеңеміз.

Қызылорда қалалық білім бөлімі жанындағы ұстаз-ардагерлер алқасы.



Біз қазір Platonus, Google classroom, Watsapp, Zoom платформаларымен емінеркін жұмыс істеудеміз. Оның әрбірінің өз ерекшелігі бар. Кейбірі шалғай елді мекендегі студенттермен сабақ жүргізуге қолайлы. Бұлардың әрбірінің мүмкіндігін алғашқы сабақ кезінде-ақ саралап, тиімділігін басты назарда ұстадық.

Біздің мойнымызда ауыр жүк бар. Ол – ұрпақ болашағы. Оқыған-тоқыған, білім нәрімен сусындаған жастың өмірде биік мақсаттары мен алар асулары бар. Осы міндетті мойынға алған университет

ұстаздары әлемдік ірі оқу орындарынан бір мысқал да кем жұмыс істеп жатқан жоқ. Таусылмайтын қазынаны игеруге де студенттер де зор ынта-ықыласпен кіріскен.

Тағы бір айта кетерлігі, бұл жүйеде білім сапасы қалай болмақ? Осы мәселе көпшілікті алаңдататыны белгілі. Әсте, ынталы, талапшыл жас үшін екеуінің де еш айырмашылығы жоқ. Бұрын қалай оқыды, қазір де солай оқыды әрі уақыттан үнемдейді. Сондықтан бұл сұрақ турасында мәселе бар деп айта алмаймын.

Онлайн жүйені біз бұған дейін де қолданып жүрміз. Өйткені, тәжірибе алмасу әрі еліміздің білікті профес-сорларымен онлайн ашық сабактар ұйымдастыру жұмыстары әлдеқашан қолға алынған. Қашықтан оқыту әдісі де кеңінен қолданылып келді. Қазіргі сәтте жаппай осы жүйеге көшу біз үшін еш қиындық тудырған жоқ. Білім – қай

кезде алсаңыз да, қай жерден алсаңыз да өз құндылығын жоймайтын қазына. Университет ұжымы осындай қиын кезеңді ел аман-есен өңсеріп, біздің алда жарқын болашақ күтетініне сенеді. Біз тәжірибеміз бен білім-білігімізді өскелең ұрпақтың бойына сіңіріп, жауапкершілік үдесінен шығатын күн мол болғай.

Панабек ТАҢЖАРЫҚОВ, Қорқыт ата атындағы КМУ инженерлі-технологиялар институтының директоры.

Акцияны алғаш болып бастады

Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының облыстық комитеті кез келген жағдайда жедел әрекет етуді, өз қызметін мерзімінде әрі жүйелі жүзеге асыруды дәстүрге айналдырған. Бұл жолы да төтенше жағдай жарияланысымен жедел жоспар құрып, аймақта алғашқы болып ауқымды акцияны жүзеге асырды. Атап айтқанда, облыстық комитет акцияның алғашқы толқынында қалалық, аудандық филиалдары мен бастауыш кәсіподақ ұйымдары төрағаларының ұсынысымен, аз қамтылған 362 отбасының әр қайсысын 15 000 теңгенің азық-түлігімен қамтамасыз етіп, 5 430 000 теңгенің тауары үлестірілді. Акция «Біз біргеміз» ұранымен ұйымдастырылып, оған кәсіподақ комитетінің жастар кеңесінің мүшелері көптеп тартылды.

Бұқаралық сипатқа ие болған бастамаға белсенділік танытып, екінші мәрте еселей түскен қала, аудан филиалдарының қызметі көңіл қуантты. Мәселен, Арал ауданы 90, Қармақшы ауданы 116, Қызылорда қаласы 46 отбасыға азық-түлік тауарларын таратып, алғысқа бөленді. Бұған қоса, аймақтағы орта білім беру мекемелері бастауыш кәсіподақ ұйымдарының ұсыныстарымен ер мектептің мұқтаж кіші қызметкерлерінің тізімі жасақталып, барлығы 106 отбасыға азық-түлік өнімдері жеткізілді. Осы орайда өз қызметкерлеріне мүмкіндігінше көмек көрсеткен облыс орталығындағы №264 Т.Есетов атындағы мектеп-лицейі, №15 мектеп-гимназиясы, №3 IT лицейі, №10 орта мектептері бастауыш кәсіподақ ұйымдарының қоғамдық белсенділігін атап өткен жөн.

Өзге аудандардың филиалдары осы мақсаттағы нәтижелі жұмыстарын өңірдегі қатаң карантин режимі аяқталғаннан кейін жүзеге асыратын болады. Бұл жұмыстар өз кезегінде акциямыздың екінші толқыны ретінде жалғаспақ.

Бұдан бөлек, кәсіподақ комитеті тарапынан облыс аумағында 8 мыңнан астам медициналық маска таратылды. Төтенше жағдай тұсында тұрғын үйі өртенген кәсіподақ мүшелерін де назардан тыс қалдырмай, 350 000 теңге көлеміндегі көмек көрсетілді. Бүгінгі күні төтенше жағдай кезінде кәсіподақ комитеті мүшелеріне көрсетілген көмектің жалпы соммасы 11 317 000 теңгені құрап отыр. Бұл – төтенше жағдай кезіндегі небәрі бір айда атқарылған істің ауқымы.

Кәсіподақ ұйымы міндеттерінің бірі – кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен қасиби мүдделерін қорғап, олардың мәртебесін көтеруге қызмет етіп, заңсыздықтарға жол бермеу. Қазіргі уақытта ұйымның білім беру саласындағы барлық мүшелерінің әлеуметтік қартасын әзірлеу жұмыстары жоспарлануда. Бұл бастама өз кезегінде ұйым мүшелеріне жеке-дара мониторинг жасауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік әріптестерімен бірігіп, еңбек заңнамасының, ұжымдық шарттардың сақталуына бақылау күшейтілді. Төтенше жағдай кезеңінде кәсіподақ мүшелерінен жаз-

баша, электронды мекен-жай және әлеуметтік желілер арқылы 300-ге жуық өтініш келіп түсті. Көтерілген мәселелердің басым бөлігі бос тұрып қалу жағдайында жалақының төленуі, ақылы еңбек демалысының берілу тәртібі мен дұрыс есептелуі, «Мұғалім мәртебесі туралы» заңы аясында магистранттарға қосымша ақы төлеу тұрғысында болып отыр. Кәсіподақ ұйымы кез келген өтінішті қараусыз қалдырмай, заң шеңберінде шешуге қызмет етеді.

Жыл басынан мұғалімдердің жал-ақысы 25 процентке көтерілгені бар-шаңызға мәлім. Бірақ өсімнің тиісті деңгейде төленбеуі төңірегінде өтініш көптеп түседі. Мәселен, Қазалы ауданында арнаулы орта білім беру ұйымдарының магистрларына қосымша ақы төленбегені анықталып, зерделу жұмыстарының нәтижесінде 39 магистрантқа қантар, ақпан және наурыз айларына берілуіне ықпал жасалды. Бастапқы әскери дайындық және технология пәндері мұғалімдерінің лауазымдық жалақысын есептеу туралы өзекті мәселелер де өз шешімін тапты. Сонымен қатар, Арал қаласындағы 3 балабақшада педагог-қызметкерлерінің қантар айынан бастап көбейтілген 25% жалақының қосылмағаны анықталды. Кәсіподақ мүшелеріне тиесілі қаражат уақытылы төленбегені белгілі болып, нәтижесінде 2 172 389 теңге қайта есептеліп берілді.

Сындарлы кезеңде білімді ұрпақ тәрбиелеу ісін іркіліссіз ілгерілетуде тынымсыз еңбектерін аяқтастырып келе жатқан талантты ұстаздардың талпынысы талапты шәкірттердің ыстық ықыласымен өлшенетіні белгілі. Бүгінде барша жұрт бала оқыту ісінің қиындығын игілетер ресурстар мен әлеуметтік желілер арқылы көріп, мойындап отыр. Осы орайда, дана халқымыздың «Білім басы – бейнет, соңы – зейнет» деген нақылын нақыштаған ұстаздар қауымына алғысымды жеткізім келеді. Біз сіздермен әрқашан да біргеміз!

Г.ЕСКАЛПЕВА, білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы облыстық комитетінің төрайымы.

● СЫР-СҰХБАТ

Адамзаттың қазіргі ұрпағы өз дамуының қарама-қайшылығы мол күрделі дәуіріне қадам басты. Күрделі дейтініміз, аға ұрпақтың айналасында болып жатқан бүтінгі құбылыстарды бағалап, өзінің сана сүзгісінен өткізуге қабілетті дегендері оншалықты көп емес. Себебі бүтінгі құбылыстың жай-жапсары көпшілігі үшін жұмбақ. Керек десеңіз, сананың қабылдауына тым ауыр соғады. Сонымен біз өзіміз қаламаған, жасыратыны жоқ сырттан таңылған жаһандану үрдісінде не болып жатыр? Біз қазір қандаймыз? Ертеңіміз не болады? Философия ғылымының докторы, профессор, облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Баймырза Қожамберлиевпен болған әңгіме-сұхбатымызға осы және басқа да сауалдарға жауап іздейміз. Біздің өзара әңгімеміз еркін пікір алмасу сипатында өрбиді.

Баймырза Қожамберлиев:

«Өмірдегі құбылыс кездейсоқ пайда болмайды»

ЖА: – Баймырза Қожамберліұлы, бүгінде күллі әлем коронавирустан үлкен дағдарысқа ұшырады. Тіпті, оның жалын шарпыған ауқымын санасы түзу адамның өзі қабылдауға дәрменсіз болып шықты. Өзіміз мақтап, үлгі алатын демократиялық институттары, дамыған индустриясы бар мемлекеттердің өзі пандемия індетіне қарсы күресте дәрменсіздік танытты. Әңгімені үйреншікті сауалдардан бастағым келіп отыр. Не болды? Неліктен?

БК: – Алдымен әңгімеді мына мәселеден бастағым келеді. Өзің тарихты жақсы білесің, адамзат өз ғұмырында қысқа кезеңдер болмаса, ешқашан рахат өмірден тұратын алтын ғасырды бастан кешкен емес. Алғашқы адамдар табиғаттың еркін сыйы ретінде бәрін алды деген пікір айтушылар бар. Қоршаған ортадағы сананың пайда болуы нәтижесінде бөлініп шыққан адам еркіндікте болғанымен, өмір сүру қиындығымен ұдайы алысып-жұлысып келеді. Одан кейінгі формация адамының да, одан кейінгісінің де өз қиындықтары жетіп артылады.

ЖА: – Сөзіңізді бөлгенім үшін кешірім өтінемін, шығыс шайыры Шамшеддин Хафиз өлең жырында: «Бақытты ғой бұл өмірге келе салып өлгендер, ал өмірге келмегендер тіпті одан да бақытты» депті.

БК: – Бұл – философия. Қазақша жай ұғымға салғанда құдайтану ілімі десе де болады. Біз жаһандағы құбылыстардың тез өзгеріп жатқанын байқамай қалдық. Сайран-дадық. Көп нәрсенің қадірін білмедік. Адам құндылығы дегенді тіпті ойлаудан қалдық. Ал өзгеріс жылдам болды. Айналасы 30-40 жыл ішінде болымсымыз мүлдем өзгерді. Тұтынушылық психология пайда болды. Барлығымыз сән-салтанатта өмір сүргіміз келді. Бір-бірімізбен жарыстық. Экономикадағы бәсеке болса көнекей, біз той жүргізумен, аста-төкпен жарыстық емес пе?

ЖА: – Бұл орайда бүгінгі уақыттың сипатын алдын ала болжаған Мөңке би және атақты ғалым Лев Гумилевтің айтқандарын білетін боларсыз...

БК: – Кейде мен Гумилевті Мөңке бидің сөзін біреуден естіген шығар деп ойлаймын. Өмірде не болмайды? Кеңес ғалымы қазақтардың арасында көп болды. Олардан көп нәрсе естіді. Сол Гумилев уақыт өте келе адамдардың өзгеруі мүмкін екенін өз заманының бағытына қарап болжапты. «Этногенездің соңғы фазасына өткенде елдің белсенді өкілдерінің селдіреуі, қанағатшылы тобырдың қаннен-каперсіз ғұмыр кешуі «өркенеттің» өзіндік ерекшелігіне айналады. Шығармашылықпен айналыспайтын, еңбек етпейтін, ой сезімі кедей, ындыны тойымсыз адамдар молаяды. Мұндай пенделер, әрине, ерлік пен естілік бел алған заманда өмірден орын таба алмас еді. Олар жауынгер болып жарыспайтын, еңбек ету қолынан келмейтіндер, ал қылмыс жасаса, қатал жазан қыршынынан кияды. Рас, босбелбеу өркениет кезіндегі тоқшылықта бір үзім нанмен жеңіл етек шүйке бас кім-кімге де табылып бағады. Дегенмен, «өмірге құштарлар» көбейген үстіне көбейе береді.... Өміршендік өлермендікке бағаланады, еңбеккорлық мазак етіледі, ақылдыларды көргендер ашуға бұлығады.

...Жаксылық емес, жамандық сұрыпалады. Қабілетін дәріптелмейді, қабілетсіздігің марапат-талады, білімін емес, біліксіздігің бағаланады, табандылығың емес, тайғанақтылығың таңғалдырады» депті ғалым.

Қалайша дәл болжаған? Менің ғалым ретіндегі түсінігім бойынша өмірдегі құбылыс кездейсоқтықтан пайда болмайды. Ол – белгілі бір түсініксіз, стихиялық қозғалыстың қорытынды жемісі.



Біз байқамаймыз. Оның келгенін сезгенде аһ ұрамыз.

Бүгінгі дағдарыстың неден болғанын сәуегейлік жасап айтушылар көп. Өзімді-өзім алдағым келмейді. Білетінім, Германияның канцлері Меркель бұл екінші дүниежүзілік соғыс зардабына жақын келетін дағдарыс деп атады. Бұл пікірді айтып отырған жәй адам емес, дүниежүзіндегі 3-ші әлде 5-ші экономиканың жетекшісі. Тарихты білесің, сол екінші дүниежүзілік соғыста қанша адам шығыны болды?

ЖА: – Шамамен 50 млн. адам. Тең жарымы кешегі Кеңес Одағының халқы. Енді әңгімеңізді жалғастыра беріңіз...

БК: – Әлбетте, ел қорқып қалмасын, мен бұл жерде адам шығыны жөнінде айтқым келіп отырған жоқ. Соғыстың аты – соғыс. Бірақ бүгінгі дағдарыстың сипаты ауыр екенін айту үшін салыстырмалы түрде пікір білдіргенім ғой.

Иә, әлгі Меркельді айттым. Әрі қарай ойымды жалғастырайын. Ойдың сабақтастығы және керек. Сол Германиядан екінші дүниежүзілік соғыстан кейін үйінді ғана қалды. Коронавирустан кейін АҚШ, Испания, Италия, Германия үшін де оңай соқпайды. Ресейге де оңай болмайды. Экономиканың жағынан тағдырымыз ортақ Қазақстанды күрделі кезеңдер күтіп тұр. Бірақ Германия соғыстан кейін аяғынан тез тұрып кетті. Әлбетте бағдарламалар болды, көмектер көрсетілді. Қазақстанда да солай болады деп үміттенемін.

Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев «Қазір бүкіл әлемнің және әлемдік экономиканың тағдыры ғалымдардың қолында. Бұл артық айтқандық емес. Әлемнің тағдырын футболшылар, шоу-бизнес өкілдері емес, ғалымдар шешеді. Біз осы жағдайдан сабақ алуға тиіспіз» деді. Президенттің осы сөзі мені қатты ойға қалдырды. Үндеу жарияланды. Бүкіл ел жұмылып жатыр. Орта және шағын бизнесті қолдауға көп қаржы бөлінді. Қазір цифрларды тізбелеп шығудың оншалықты қажеті жоқ қой деп ойлаймын. Ұлттық қордың бүгінде қаншалықты тиімді болғаны айтылуда. Әйтеуір құралақан емеспіз.

Қазір Ресей ақпарат құралдарында кеңестік жүйеден мұра болған медицинаның бүгінде өте тиімді жұмыс істеп жатқаны айтылуда. Меніңше, АҚШ пен Батыстан гөрі бізде дертке қарсы жүрестің біршама жақсы жүргізіліп жатқанын осымен түсіндірер едім.

Батыстың менталитеті бөлек. Олар еркіндікті жақсы көреді. Бірақ Батыстың медицинасын мүлдем жамандауға қарсымын. Жалпы, менің ақпараттан алып отырған түсінігім бойынша АҚШ-та сол еркіндік мүлдем басым болды. Өйткені олар еркін өскен. Екі

дүниежүзілік соғыс та олардың аумағында болған жоқ. Олар кәсіреттің не екенін білмейді. Италия, Испания, басқа да Батыс елдерінің жаппай халықты дендеген ауруға қарсы дәрменсіздік танытуының бір себебі – осы.

Екіншіден, оларда жұқпалы ауруларды гигиена сақтамайтын тоталитарлық елдерде болады деген түсінік қалыптасты. Қытаймен барлығы шектеліп қалады деген ұғым болды.

Батыста медицинада жалпы жұқпалы ауруларға қарсы күресетін клиникалар жоқ. Барлығы

тегін берген Қайрат Боранбаевты қосар едім. Олар көп. Алдағы уақытта көмек беретіндер саны арта түсетініне кәміл сенемін. Менің бұл орайда айтатыным, қазір сыпсың әңгімеге ермей, барлығымыз ел болып ұйысып, қиындықтан шығудың жолын іздестіру маңызды екенін еске салғым келеді. Жауапкершілік, бірлік пен ынтымақ біз үшін алдағы уақытта дағдарыстан шығудың басты критерийі болып саналады.

Реті келген соң, сенен сұрағым келеді. Бізде қазір тұтынушылық психология деген ұғым пайда болды. Ол өзі қайдан келді?

ЖА: – Кәдімгі өзіміз айта беретін Батыстан. Жақсы салтанатты өмір сүруді ешкім жек көрмейді. Бірақ оның да шегі болуы керек. Өткен ғасырдың 60-жылдары тұтынушылық психологиясы пайда болды. Батыстың бай-шонжарлары салтанатты өмірді үйреншікті құбылысқа айналдыруды бастады. Кеңес жүйесі құлаған соң бізге Батыстың баюға, сән-салтанатты өмірге деген құштарлығы санамызға бірте-бірте ене бастады. Ақшаны көп табу, оны қандай жолмен болса да табу, тіпті ұсталмаса болды дегендей, ұрлықпен болса да табу үрдіске айнала бастады. Меніңше, біз Батыстың өркениетті үлгісін алудың орнына әлгі тұтынушылық психологияны, яғни, оңай ақша табуды тез үйрендік. Ал олардың артында Батыстың шіріген байлары тұрғанын білмедік. Алғаш шетелге барып келгендердің, әсіресе ше-неуіңдердің ойы тез өзгерді. Бұрын бірінғай шектеу көріп қалғандар өздеріне ұнаған соң «о, осы жерде осындай екен ғой» деп мастанды. Ақыр соңында тойымсыз психология шама-шарқымызға қарамай, несиеге ұрынудан басталды. «Кедей бай болғысы, бай құдай болғысы келді». Біз осының бәріне алдағы уақытта барынша жауапкершілікпен қарап, өмірге деген көзқарасымызды мүлдем өзгертуіміз қажет деп санаймын. Ғалымдардың пікірінше, коронавирустан кейінгі өмірдің бір өзгерісі осы айтқанымға байланысты болады деп ойлаймын. Бұл қазақша айтқанда, «көрпене қарай көсіл» деген ұғымды білдіреді. Жалғыз Қазақстанда емес, бұндай өзгерістер көптеген елде болады. Сарапшылар бұл орайда халықаралық валюта қорының талаптарына өзгеріс енгізілмесе, әлемде халықтың кедейшілік тобы қазіргіден де көп болады деген пікір айтады.

БК: – Қазір гибридік соғыс туралы көп айтылуда. Әлемде бірін-бірі жоққа шығаратын ақпараттар ағымы өте көп. Қайсысына сенеріңді білмейсің. Не істеуіміз керек?

ЖА: – Сіздің сыпсың әңгіме дегенге қатысты мынаны айтқым келеді. Қазір ақпарат құралдары жетілген. Гибридік соғыс деген бар. Ол тыңдармандарын жалған ақпараттармен жаулау деген ұғымды білдіреді. Бұл соғыс кезінде жиі пайдаланылған. Оларға қатаң жаза қолданылған. Қазір де солай. Бірақ сол жалған ақпарат адамдардың санасын улайды. Біз не істеуіміз керек? Оларға жанды, дәйекті, шынайы ақпарат тарату арқылы күрес жүргізу қажет деп санаймын.

БК: – Тағы бір маңызды мәселе. Егер есіндізе болса, біз тәуелсіздігіміздің 30 жылы ішінде біршама алтын кезеңдерді бастан өткіздік. Бірқатар дағдарыстар болды. Олар өтті де кетті. Әсіресе, әлем рыногында мұнай бағасының 180 долларға дейін көтерілген мамыражай уақыттың жақсы білемін. Бюджеттің кірісі ернеуінен асып төгілді. Тіпті, екіне ағаштарға дейін, картоп егістігіне дейін субсидия төледік. Көпшілігі дәл осылай кете береді деп ойлады. Мал сатып алуға бөлінген жеңілдетілген несиеңі өйтіп-бүйтіп қағазын дұрыстап толтырып дегендей, баласын үйлендіруге жұмсағандар да болды. Бір нәрсе айқын. Біз енді осы ағартықтарымыз үшін «үстемақы» төлейтін боламыз. Өйткені табиғатта, болмыста ешнәрсе аспаннан түспейді, ағартықтарымыз үшін жауап береміз.

Бүгінгі уақыттың ерекшелігі сол, алдағы болмыстың қандай болатынын болжау өте қиын. Бүгінде халқы 1,5 млрд адамды құрайтын Үндістанның байырғы президенті Махатма Ганди: «Аш адамға Құдай жан түрінде келеді» депті. Демек, аш адам үшін тоқтық – жұмақ. Жұмақ дейтінім, көп халық болғандықтан, олар ұдайы кедейшілікпен өмір сүрді. Үнділіктердің өмірі кинодағыдай салтанатты болған емес. Бри-тандықтар аяусыз қанады. Бірақ сеніммен айтуға болады: бізде ондай болмайды.

Қазақстанның өндірген бидайы өзіне жетіп артылады. Малы да бар, көкенісі жеткілікті. Президент көктемгі егіс науқанына көптеген қаржы бөлді. Ел далаға шықты. Біз бар болғаны 18 млн халықпыз. Қүдіктен сенім мол. Бірақ бұл біздің әрқайсымыздан жауапкершілік жүгін түсірмейді.

Әңгімелескен
Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы».

● ПАРАСАТ-ПАЙЫМ

Жақсы сөзден жарық төгіледі

Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаевтың «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласында Елбасы дүние жүзі бойынша 1,4 миллионнан астам жан осы сырқатқа шалдыққанын айта отырып, дәл бүтінгі таңда күллі әлем жұртшылығының алдында бір-ақ мақсат тұр, ол – дүниені жайлаған індетті жою» деп көрсетті.

«Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дейді бабаларымыз. Қазақ – бірлігі бекем рухы жоғары халық. Сондықтан біз жақсы оймен ұмтылып өмір сүре отырып, індетпен күресуіміз керек. Небір жел сөздерге құлақ түрмейік.

XVIII ғасырда Англияның отары – Оңтүстік Африкада оба эпидемиясы бүрк етіп, жүздеген мың адамның өмірін қиды. Сол кезде ағылшын патшайымы Елизавета жүздеген дәрігерді Африкаға жіберді. Солардың ішінде Вальтер Адамс атты жұқпалы ауруларды емдейтін білімді дәрігер де болды. Олар жергілікті тұрғындарды емдей бастады. Бір айдың ішінде барған дәрігерлердің жартысы ажал құшты. Вальтер Адамс бастаған дәрігерлердің жанкешті еңбегінің арқасында ауруды ақыры жеңді. Ал Адамс болса, кеселді өзіне жұқтырып зерттеймін деп, ауырған адамның қасына үш күн жатты.

Бірақ ауру оған жұқпады. Сонда менен жақсы дәрігер шықпайды деп ренжіген көрінеді. Мұны естіген Елизавета патшайым Адамсқа рыцарь деген атақ берді. Иә, бізде қазір аты жаман аурумен ақ халатты абзал жандар күресуде. Тіпті, соңғы ауру жазылып шыққанша үйге қайтпаймыз деп үндеу көтеруде. Өздері де жұқтырып алған дәрігерлер бар. Әдетте жұрт көңілі алаң осындай кезде ел ішіне үрей таратып, байбалам салушылар мұны өз мүддесіне пайдалануға тырысады. Елбасы ондайлардан сәк болуға шақырады.

Маған жақында көшеге шыққандар естіп-көргенін айтып келді. Кілен қыз-келіншектер «Nur Otan» партиясы ғимараттары алдында «ашпыз» деп айқай шығарыпты. Менің әкем Бекет 1902 жылы дүниеге келіп, талай қиыншылықтар мен ашықтығы көріп, соғысқа қатысып 1995 жылы 93 жасында дүниесалды. «1930 жылғы ашаршылықта Қазалы көшелерінде ашықтан ісіп-кеуіп өлген адамдарды арбаға бірінің үстіне бірін тиіп, қайғыдан қан жұтып жылап жүріп жерлей-тіңбі» дейтін. Ол кісі үнемі шүкір айтып отыратын. «Әр уақытта ауыздарыңнан жақсы сөз шығатын болсын» дейтін.

1983 жылы Бозкөл совхозы оның «Лақалы» бөлімшесіне сегізжылдық мектебінің директоры болып бардым. Шопандарға көмекке қой төлдету кезінде балаларды жібереміз. Сондайда қойшылар «Бұл қара қой құрымай, тіршілік те, тыныштық та болмайды» дейтін. Ферма менгерушісі жұмысшыларды үйлерінен үйкедан оятып жинап алатын. Олардың аузынан да осындай сөз естіп жүрдім. Кешікпей Кеңес үкіметі құлап, қара қой құрып, шопандар таяғын ұстап қалды. Шопандардан ферма жұмысшыларынан айтқанын есіне салғанымда, шынында сол уақытта Алла біздің тілегімізді қабыл алатынын қайдан білейік деп өкіне жауап берді. Сондықтан ағайын «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген мақалды, жақсы сөзден жарық төгілетінін ұмытпайық.

Елбасы «кәсіпкерлерге де арнайы айтарым бар: сіздер тәуелсіздіктің арқасында өз істеріңізді қалыптастырып аяқтарыңызға нық тұрдыныздар, мол дәулетке кенелдіңіздер. Енді «мен еліме не беремін?» дейтін кез келді» деді. Осы уақытта халықтың басына ауыртпалық түскенді пайдаланып, базардағы азық-түлік бағасын шарықтатып жатқандар бар. Әрине, көпке топырақ шаша алмаймын, оның ішінде өзінің баққан малын, бақшасында өсірген көкөністерін сатушылар да бар. Қазіргі уақытта кәсіпкерлер ауданымызда зәулім сауда үйлерін салып, тұрмысын көтеріп алды. Бірақ олар «Бай құдайға жетсем» деген қағиданы ұстауда. Кезінде Төле би «Май шайнаған байлардың нанға мұқтаж күні болады, тұлпар мінген байлардың тайға мұқтаж күні болады» деген екен. Алла мұқтаж қылмасын деп тілендер. Ал Әйтеке бабамыз «Батыр болсаң, жауыңа найзаң тисің, бай болсаң, халқыңа пайдан тисің, бай болып халқыңа пайдан тимесе, батыр болып жауыңа найзаң тимесе, үйің күйсін» деген екен. «Аяз әліңді біл, құмырсқа жолынды біл» деп, жаман шапандарыңды босағаға іліп қоюды ұмытпандар.

Елбасы осындай қиын кезеңде Үкімет пен жергілікті атқару органдары, «Nur Otan» партиясы жүйемен, тәртіппен, үйлесіммен, нақты жоспармен, нық сеніммен әрекет етуі керек деді.

Мына келген аты өшкір аурудан құтқара гөр деп тілек тілеп, бес уақыт намазымызды үйде оқуды ұмытпауымыз керек. Алла қолдаса, құтыламыз, бірақ «Сактансаң, сактармың» дегенді де естен шығармайық.

Қадірбек БЕКЕТОВ,
ардагер ұстаз.
Қазалы ауданы.



● ТУҒАН ЖЕР ТАРИХЫ

БАЛТАНЫҢ БАЛАЛАРЫжәне батырлар хикаясы

Қызылқұмды тел жайлап жатқан түркімен мен қазақ тату ел еді.

Екі жаз қосылып көкпар шапқанда қазақтың алдына қара салмайтын ақ байталы үнемі бас бәйгені байлап кете береді екен. Оның данқын естіген түркімен бегі қазақтарға қырық түрлі сый жіберіп, ақ байталды сұратыпты. Дүниені көзқұрты санамаған қазекем бәйгесімен бір ауылды асырап отырған ақ байталды абыройым деп бермей жібереді. Осыған ерегіскен түркімендер бір түнде ұрланып келіп, ақ байталды бауыздап кетіпті. Сакалы сапсінған, сенсең бөрік, сірі қара түркіменнің осы опасыздығы ауыл намысына от тұтатады. Көп ұзатпай қазақтың жаужүрек батыры байтал бауыздаған түркімен қышлағын шауып, атакты батырын жекпе-жекте жеңіп, екі ұл туған жиырма жастағы қатынын өңгеріп әкетеді. Сонда түркімен батыры:

— Мені де өлтіріп кет, болмаса артыңнан барып, өзінді өлтіремің! Елінді түгел қырамың! — дейді серт беріп.

Женіліп жер құшақтап жатқан жауын өлтіруді ар санаған қазақ батыры ат үстінде отырып:

— Қолыңнан келмейді! — депті.

Содан жиырма жыл өтеді, бір күні баяғы түркімен батыры келеді. Асыңған қаруы жоқ, жалғыз өзі.

— Қатынымды қайтып бер! — дейді келе сала.

— Ой, ит-ау, мен мұны жиырма жыл қатын қылдым ғой. Маған да екі бала тауып беріп отыр. Сен не, қатын үшін сертіңнен тайып келдің бе? — дейді қазақ батыры.

— Сертімнен тайдырған екі ұлым. Бес қаруымды құдыққа тастап, «анамды алып келіңіз» деп еңіреді. Солардың көз жасын қимадым. Үй қылдым, алдына мал салдым, оныма алданбады. Балаға ана керек екен!

...Сөзге тоқтаған қазақ батыры рұқсат етіп, құма қатынын байына қосып жібереді. Алайда, бұл оқиға екі жұрттың қайта татуласуына сеп болмаған секілді.

Қазақ секілді түркіменде де ру бар. Олардың Теке, Жәуміт деген рулары Қызыл қиялаған қазақ ауылдарына жиі барымта жасап, ат ойнатып тұрған.

Қыпшақтың Шашты Бошай руынан шыққан Балта баласы Биікбай XIX ғасырда өмір сүрген, текежәуміт түркімен шапқыншылықтарына қарсы қол бастаған батыр. Мекені — Қызылорда мен Шиелі аралы-ғында жатқан қазіргі Сұлүтөбе өңірі. Теміржол бойындағы үлкен бір станса бүгінде осылай аталады. Бірақ оның ау бастағы аты Сұлүтөбе болатын. Өйткені дарияға жақын орналасқан бұл өлке желмен суша толқитын сұлыға тұнып тұратын. Ал, оның шығысына таманғы ауыл тарыдан тоғай жасаған егінші алқабы еді. Ол жердің «Тары тоғай» аталуы содан, келе-келе бұл сөз кірігіп, «Тартоғай» болып кеткен. Бұл жер атауына қатысты бір-екі ауыз сөз. Енді әңгімені батыр баянына қарай бұрайық.

Балта батыр жаужүрек ер екен. Ел қорғап жүріп, бір жекпе-жекте мерт болыпты. Көз жұмар сәтінде қасында қайынағасы болса керек. Сонда Балта қайнағасына: «Бірі іште, бірі тыста, артымда екі перзентім қалып барады. Сол екі жетімекті саған аманат еттім», — депті. Біз айтып отырған Биікбай батыр сол кезде анасының құрсағында екен. Ал, үлкені Киікбай үш жаста болса керек. Сөйтіп, осы екі ұл нағашы жұрты Бұлтындардың қолында ер жетіпті. Жасынан атқа мініп, әскер ойынына машықтаныпты. Биікбай он бес-он алтыға келгенде нағашысы екі баланы үйлендіріп, енші беріп, өз жұрты Бошайларға апарып қосады. Кейін Биікбайдың аты батырлықпен шықса, Киікбайдың аты емшілікпен елге тараған. Бірақ, халық Биікбай батырдың атын көбірек атайды.

Биікбай талай шапқынды шашақты найзасы күнге шағылысып, жауына қарсы шапқан ер. Батырлығына мәрттігі сай кісі болған.

Биікбай батыр туралы нақты деректер тарихи-ғылыми ай-налымда аса көп ұшыраспаса да, ел жадында берік орныққан. Ел аузында сақталған сондай әңгіменің бірі — мынау.

Бір күні апақ-сапақта Биік-бай аулының жусап жатқан жылқысының ішіндегі батырдың жорыққа мінетін атын төменгі жақтың барымташылары нокталап алып кетеді. Мұны білген батыр қасына бір топ серіктерін ертіп, қуыңға шығады. Сонда қасындағы жігіттер: «Сырдың бойында жол-барыс бар. Жауға жау қосылады, қол бөгейді, қырды жиектеп қуайық», — дейді. Осыны айтып тұрған жігіттің сөзі жөн бе әлде ол тілдеспей тіке шабатын жолбарыстан тайсақтап тұр ма, оның мәнісін өзіне қалдырайық.

Батыр бұған көнбейді. Сырды бойлап жалғыз кетеді. Сұлүтөбе мен Қармақшының арасы үш жүз шақырымнан әрі. Сонда батырдың жиырма жастан енді асқан шағы болса керек. Түнде атын шылбырлап,



найзасына сүйеніп ұйықтайды екен. Сондай бір түні аты пысықырып, шылбырын үзіп кете жаздайды. Сергек ұйықтайтын батыр оянып кетсе, сонадай жерде басы қазандай жолбарыстың қарсы қарап тұрғанын көреді. Бірақ батыр атын «тегі» деп тынышталдырып, өзі көзін жұмып, қайта мызғып кетеді. Сәлден соң жолбарыс басын бұғынып, мысықша жуасып, теріс бұрылып жүре береді. Сонда «дала баһадүрі» ұйықтап жатқан батырдың сұсынан сексеніп бата алмапты. Бойында зәредей қорқыныш жоқ батыр оған «кедің-ау, кеттің-ау» демейді. Найзасына сүйенген күйі әудем уақытта түс көріп оянады. Түсіне бір шал кіріп: «Тұр, балам! Қазір алдындағы жол екі айрылады, оң жағына бұрыл. Біраз жүрген соң қалың бұта түбінде жатқан бір қоржынға көзің түсер, соны қолыңа аларсың», — деп апанық сөйлеп бағыт береді.

Таң атып қалған екен. Шынында шалдың айтқаны айнымай келеді. Батыр атқа отырады. Бұта түбінде жатқан қоржынға көзі түскенде оны найзасының ұшымен іліп алып, жанына байлай салады. Бар ойы барымташыларда болып, ашу буып келе жатқан батыр қоржында не бар екен демейді. Бұл жағдайда кез келген адамның айдаладан тауып алған қоржынға қызығушылығы оян-нар еді. Оның үстіне түсіне аруақ кіріп, аян беріп тұрса.

Сөйтіп, келе жатса, алдынан бір топ атты шығады. Олар батырдың қарасын көрісімен аттарынан түсіп: «Мына тентек білместікпен бір айып іс жасапты. Атыңызды танып, өзімз апарып бермек болып, жолға шығып едік», — деп кешірім сұрайды. Айыбымыз деп далаға дастархан жайып, мал сойып, атымен қосып, екі өркені баладай нар жетектетеді. «Қайтсеңіз де еркінізге бердік» деп қолын артына қайырған ұрыны да ертіп жібереді.

Биікбай Шөмекей Қалқа батырмен дос болыпты. Кіші жүзге жау тигенде екеуі тізе қосып, талай бірге аттандапты. Айыпты жақтың оған ерекше құрмет етуінің бір себебі осы болса керек.

Осылайша, қасындағы серік-терімен шыққан Биікбай ұрланған атын жалғыз алып қайтады. Елге келген соң қоржында ашып қараса, кітап екен. Өріп танитын сауаты жоқ болса да, Құдайдың құдіреті, сол кітапты әуелі ежіктеп, сосын жүргізіп оқып кетеді. Отауынан шықпай алты күн оқып, талай кереметке қанығады. Бұрын әдетінде болмаған өлең шығарға бастайды. Ақырында өзіндегі өзгеріске өзі таңғалып, бір білімді молданы шақырып, болған жайды айтады. «Саған егесіз қалған шайырдың аруағы қонған екен. Бір қағарын болғанмен өзінің батыр-лықпен даңқың қалар, ал, жеті ұрпа-ғыңның әр буынында суырыпсалма ақын, аузы дуалы адамдар болады», — деп сонда ілімді молда ілгері озып, бұл кітаптың жұмбағын шешіпті.

Аруақ қонған батыр өзіне кіріптар болған барымташыны мал бактырып, сол малдан ақы үлесін беріп, үй қылып қойыпты. Бұл адам да осы елге сіңісіп, кейін өзін Қыпшақтың Бошайымын деп кеткенге ұқсайды.

Ал, енді Киікбай жайынан да хабар берейік. Балтаның бұл баласы атакты тәуіп болыпты. Небір ауруды жазып алатын емшілігімен елді тәнті етіпті деген сөз біздің құлағымызға да жетіп отыр.

Мұнысын мына бір оқиғамен

байланыстыра айтсақ болады. Ол — інісі Биікбайдың Наурызбай батыр найзасынан жараланған қолын құлантаза жазып алатын оқиғасы. Бірақ біз бұл оқиғадан бұрын атакты батырлар хикаясы туралы бір-екі ауыз айта кетейік.

Қазақ халқының 1837-1847 жыл-ғы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі Кенесары Қасымұлының есімі тарих-та таңбаланған. Қазақтың соңғы ханы. Атакты Шыңғыс ханның 27-ші ұрпағы, Абылай ханның немересі. Ол өзінің тегі жағынан төре тұқымынан еді, 1802 жылы Көкшетау өңірінде дүниеге келген. Ордасын Көкшетауға тіккен Абылай ханның отыз ұлы болған. Абылайдың әйелі қалмақ қызы Топыш ханымнан Қамбар мен Қасым сұлтан өмірге келген. Қасым сұлтанның бәйбішесі Айкүмістен Кенесары туады. Ұлтымыздың рухын биік ұстаған атакты Бопай Кенесарының туған қарындасы. Ал, Кенесарының інісі Наурызбай Қасым сұлтанның екінші әйелінен өмірге келген.

Кенесары хан туралы мына бір деректі келтіре кету қол орын ала қоймас.

1847 жылы Кенесары хан он мың сарбазымен қырғыз жеріне ба-сып кіріп, оларды Қоқан езгісіне қарсы қазактармен бірігіп күресуге шақырады.

Кенесары ханның соңғы шайқасы қырғыздардың Кекілік-Сенгір деген жерінде болады. Қырғыз манаптары мен генерал-майор Вишневскийдің отряды және Қоқан хандығының әскерлері тау шатқалында Кенеса-рының сарбаздарын үш жақтан қоршауға алады. Таулы аймақ хан Кененің сарбаздарына басымдық көрсетуге мүмкіндік бермейді. Со-нымен қатар, Рүстем сұлтан мен Сыпатай батыр бастаған жасақтар-дың ұрыс алаңынан кенеттен шегі-ніп, кетіп қалуы да жағдайды қиындатып жібереді. Өздерінен бір-неше есе күші көп жаумен болған қаһармандық шайқаста Кенесары хан 32 қазақ сұлтанымен бірге тұтқынға түседі. Наурызбай батыр қаза табады. Қырғыздардың қолына тұтқынға түсіп қалған Кенесарыны ақ патша чиновниктерінен сыйлық алған қырғыз манаптары өлтіреді. Кенесары ханның өлімінен кейін оның жетекшілігімен болған қасиетті азаттық күресі де жеңіліске ұшырады.

Енді, Бопай туралы, кейінгілер біле жүрсін.

Бопай ағасының халық азаттығы жолындағы күресіне қолдау көрсетпе-гені үшін күйеуі Сәмеке мен оның туыстарынан ақ күйрығын үзіп, ақ патшаның басқыншы әскерімен талай атой салып соғысқан ержүрек қыз еді. Кейбір шайқаста астындағы аты оққа ұшып жауу қалса да жауын қойын-қолтық алысып жеңген екен қазақтың қайсар қызы. Сонда оның қимылынан қыз екенін жаулары да ажырата алмапты. Дерек үшін айта кетуге болады, тап сол заманда алыстағы Үндістанда ұлтының ержүрек қызы Лакшми Бай да ағылшын отаршыл-дарына қарсы күресте жатқан алысып, жан берісіп жатқан болатын. Осылай-ша Азияның батыр қыздары нәсілшіл еуропалықтардың алдында намысын жоғары ұстады.

Қайда жүрсе де, қарындасын көзі-нен таса қылмаған Кенесары Бопайды зекет жинайтын және көтеріліске қар-сы төрелер мен ауқаттылардың мал-мүлкін тартып алатын 600 адамдық жасақтың сардары етіп қойыпты.

Бопайдың өзі Кенесары қолының құрамында қыз-келіншектер жасағын да ұйымдастырған. Саяси қылмыскер ретінде қазақ даласына жер аула-рылған поляк А.Янушкевич 1846 жылы күнделігіне «...Кенесарының жасағы мың жарым сарбазынан, екі зеңбірегі мен 500 қызынан айрылды. Қол санын молайту мақсатында оның әскері ерекше киінген көп әйел мен қыздан құралған», — деп жазған екен. «Бопайдың жанында жүретін Арғынның қызы Алтыншаш пен Табынның қызы Ақбөкен де өзі сияқты ерге ердей, серіге серідей жолдас бола білетін қайратты да айбатты қыздар еді», — деп жазыпты қазақ ханымдарының өмірін зерттеп жүрген тарихшы С.Ақтаев.

Міне, осылайша қазақтың талай есімі бізге белгілі және белгісіз қыздары 1837-1847 жылдары азаттық соғысында намыстарын қайракса жанып, ерлікпен қаза тапты немесе даңққа бөленді.

Енді өз оқиғамызға төтелей түсейік.

1844-1845 жылдың күз айы шамасында атакты Наурызбай батыр Сыр өлкесіне, Шиелі өңіріне келсе керек. Бұл Шапырашты Наурыз-бай емес. Қазақ-жонғар соғысының қаһарманы, Жетісуда туған Наурыз-бай Құттымбетұлы біз айтып отырған Наурызбай батырдан 116 жас үлкен.

Ал, осы Наурызбайдың Сыр-ға келісінің мәнісі не? Жаңа біз жоғарыда «зекет жинайтын және көтеріліске қарсы төрелер мен ауқаттылардың мал-мүлкін тартып алатын 600 адамдық жасақ» деген сөзді айттық. Ханның осы жарлығын жанына тұтқан өзі батыр, өзі сері Нау-рызбай Сыр бойындағы біраз елдің жылқысын қуып кетеді.

Мұны кештеу естіген Биікбай батыр Сарысу бойындағы Байғана-Бәтес деген жерде Наурызбайдың артынан қуып жетеді. «Әй, төре, қайт кейін!» деп айқайлайды, дауыс есті-летін жерге келгенде. Наурызбай жалт бұрылып кері шабады. Екеуі батырларға тән әдетпен жекпе-жекке шықпақ! Бірақ Наурызбай жақындап келе бере қайтадан теріс бұрылады да бірқырындаған Биікбайға найзасын лақтырады. Сонда теріс қарап бара жатып лақтырған найзасы Биікбайдың қалқанын сындырып, төрт көз сауытты тесіп, білегіне бойлай кіреді. Сөйтіп, Наурызбай сол күйі кете береді, жараланған Биікбай қолына қалдаған найзаны суырып тастап, кері қайтады. Өйткені, жаралы қалпында Наурызбайды қуа алмайды. Үйіне келген соң ауырынып, жатып қалады. Наурызбайдың найзасы зә-һарға суарылған екен. Оның Биік-байды өлдіге санап, бұрылмай кете беруді де сол болса керек. Шынында, найза ұшына жағылған зәһар адам өлтіретіндей күшті болған, оның үстіне үйіне дейін елу-алпыс шақы-рымдай жол бойы қансырап келген батырдың жайын бағамдай беріңіз. Осы қауіпті жараны Киікбай емдеп жазған. Бірақ Биікбайдың біле-гі аржақ бержағы көрінетін кесенің түбіндей тесік болып бітіпті. Мұны Киікбайдан басқа ешкім де емдей алмас еді, найза тиген қол асқынып, жарасы кеулеп кетер еді.

Биікбайдың үлкен баласы Нұрым-беттің қызы Бәтігүл әжеңің мына сөзі осы жайында: «Биікбай атам наұкастанып, тесек тартып жатқанда мен қасында отырып шыбынын ко-рыдым. Сонда атам тоқсанда, мен бес жарамын. Бірақ сол кез есімде жақсы сақталды. Атамның басы да, құлағы да басқа жұрттыкімен салыстырғанда үлкен, бетінде тыртығы көп. Сол жақ білегі тесік, бұлшық етінің арасы ажырап тұрады. Білектегі тесікке менің жұдырығым сыйып кетеді, кейде қолымды өткізіп, кері қарай ала алмай қалатын едім. «Ата, қолың неге тесік?» — деймін әрі қызығып, әрі қорқып. «Ер Науанның найзасының ұшы тиген ғой», — дейді атам шалқа-лап жатып. Жүзіне жылы күлкі үйірілгендей болады. Ер Науанның кім екенін мен қайдан білем. Көзіме атамның қолына найза сұғып алған сұмбайы жау елестейді. Бірақ атам оның атын сауынғандай күлімсіреп атайды. Ер Науанның кім екенін есіміз кіргесін білдік. Сол кезде «қайран батырлар бір бірі туралы ешқашан жаман сөз айтпайды екен ғой» деп ойладым.Сөйтіп, 1905 жылы халқына қорған болған, елін, жерін сүйген Биікбай батыр өмірден өтті. Артында өлмес ісі, аңыз болған батырлығы, ұр-пағы, мына біз қалдық». Бұл әңгімені Бәтігүл өзө өз немерелеріне айтып кеткен екен.

Міне, біздің өлкемізден осын-дай атакты кісілер өмір сүрген. Күні кеше ортамыздан өткен өнер тұлғасы, облыстың бас ақыны атанған Махан-бетқали Тұрсанов осы Биікбай ба-тырдың үшінші ұрпағы еді.

Баяғы ілімді молданың Биік-бай батырға «Жеті ұрпағының әр буынында суырыпсалма ақын, аузы дуалы адамдар болады» деген сөзінен Маханбетқали әкеміздің он жыл бойы ешкімді озырмаған арынды айтыскер болғаны еске түседі.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы».

РУХАНИЖАҒЫРУ



БұқарбайменБейісбайсоғысы

Ту алып, тұлпар мінген ер Бұқарбай, Жауына қарсы шапты құр мұқалмай. Дұшпаннан жерін қорғап анасындай, Байтақтың тыныштығын

жүрді қорғай.

Айтайын нағашымның нар тұлғасын, Әлеумет, құлақ қойсаң бәр азантай. Шабыттың шырмауынан

шамырқанып,

Мазалы ой қозғаса тіл мен таңдай. Баһадүр пендесіне камқор қылып, Сенімді серік берген патша Құдай. Бейісбай Қарақалпақ батыры екен, Зілденіп жер бетіне жүрген сыймай. Жер дауы, жесір дауы үшін алаш, Айылын жүретін кез тартып жимай. Хиуа, Қоқанменен екі хандық, Қазақты зар еңіреткен қинай-қинай. Сол кезде атқа мінген талай ерлер, Ел үшін еш бөгеліп тағат қылмай. Бел шешпей батыр туған баһадүрлер, Тәртіпке бағынушы еді тартқан

сымдай.

Кетіріп ел мазасын тыным бермей, Шығыпты Қарақалпақ батыр

Бейісбай.

Бұл да бір наһан еді жүрген елден, Өзіне шендесетін жан таба алмай. Керейitte Қыстаубайдың

байлығы асқан,

Саржелек қызы еді туған айдай. Айттырып сол сұлуды алам деген, Күнінде келе алмады қара Бейісбай. Соншалық менменсіген, өр көкірек, Барам деп, уақыт қолта ойлағандай. Бұл енді намыс еді, Қазақ үшін, Ар ісі, абыроймен ойнағандай. Үн-түңсіз қыз әкесі қалды сол сәт, Түсінікті тыңдаушыға ондағы жәй. Халқының камқор болып,

қамын жеген,

Дабысты Сыр еліне белгілі бай. Астыртын хабар салды ғашығына-ай. Ерлердің ертеде өткен жұртындағы, Қадірлі ел сыйлаған ол, Қыстаубай. Жаппарға жалбарынып жүрген еді, Сағымды сындырма деп,

патша Құдай.

Қалауы Саржелектің басқа еді, Астыртын хабар салды ғашығына-ай. Сол түні суыт келіп Байқадам ер, Қондырып қолға кетті асылын-ай. Байқадам Саржелекке некелесті, Келеді әңгіменің жөні осылай. Ызадан өлердей боп Қарақалпақ, Қазақты шабамын деп

шықты жолға-ай.

Бұқарбай, батыр еді, бағлан туған, Өрқашан шабатұғын намыс-арға-ай. Жолына қатқан қара Қарақалпақтың, Қолденең шығатұғын ер осындай. Соң жүрек, мықты білек, айласы артық, Тап келді таланына сол Бұқарбай. Бата алып Байқадамнан аттаныпты, Аланда арпалысар қабыландай. Байқадам ағасы еді Бұқарбайдың, Табынның таң асырған жорғасындай. Сәскеде жолықтырып Бейісбайменен, Үстем ет Бұқарбайды һақ тағала-ай. Қолдарын көкке созып етті дұға, Байқадам таңмен қатар атқан арай. Аллаға Шіренді тапсырды, содан кейін, Шіренге Бұқарбайды тапсырд(ы) оңай. Бата алып аттанарда Бұқарбайға, Шіренге тапсырғаны қоймады ұнай. Е, Алла, ажқолынды бере гөр деп, Батырлар табан жолға түсті солай. Сәскеде жолықтысы екі батыр, Селк етпей бір-біріне селқос қарай. Қос боздақ қолтығына найза қысып, Айкасқа араласты қос борандай. Қапысын тапса, басы домаламақ, Аямай қылып сілтеп, найза салды-ай. Байқадам берген бата қабыл болып, Бұқарбай басым түсті жақ боп Құдай. Тамақтан кірген найза кетті сынып, Шырағын сөндіредей беріп рай. Артынан Шірен келіп құтқарыпты, Ажалдан аман қалды батыр солай. Екеуі елге жетті аман-есен, Мәңгілік құдық басында қалды

Бейісбай.

Тәңірдің бұйрығында екілік жоқ, Қайратпен қару-жарақ болса да сай. Алламен тілдескен жан Байқадам деп, Кейіннен айтып жүрді ол, Бұқарбай. Жалғаннан дем біткен соң

жан қалмайды,

Батыр да би мен шешен, пақыр мен бай. Азғана нағашымның уақиғасын, Өлеңге аударғаным болды бұлай. Жазушы Саймағанбетұлы Берік, Тілге нақ, ойға жүйрік, сөзге құмай.

Берік САЙМАҒАНБЕТОВ, жаурау, ҚР мәдениет қайраткері.

ЖЕҢІС-75

ТАҒДЫР ТАРТЫСЫНДАҒЫ
ҒАСЫРЛЫҚ ҒИБРАТ

2020 жылдың 8 сәуірінде Сыр елінің абыз ақсақалы, Ұлы Отан соғысының ардагері Ибрагим Нұрымбетов өмірден өтті. Ибрагим Нұрымбетұлы 1921 жылы қаңтар айында Шиелі қыстағында дүниеге келген. Ұзақ жыл аудан экономикасының дамуына атсалысқан еңбек майталманы, дербес зейнеткер. Мынау жазба – аңызға айналған ақсақалдың тартысқа толы тағдырынан алынған сыр.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы».

Отызыншы жылдардағы ажал қабығын киген ашаршылық қазақты баудай жайпады. Ку тақыр тырнаған адамдар теңкиіп-теңкиіп далада қалды. Сандығына алтын-күміс тыққан небір байлардың үйі түгелмен төсегінде отырып, көзі аларып жан тапсырған оқиғалар өтті. Алтын-күміс ас болмады.

Бұл нәубеттің екпіні Нұрымбеттің әулетін де алақандағы судай төгіп-шашты. Әкеден ерте қалған он жасар Ибрагим дәл осы кезде анасынан айырылды. Кішкентай қарындасы екеуін естиярлар жетектеп апарып жетімдер үйіне тапсырды. Үй деген аты болмаса, жылап отырып еңіргенді жұбататын жер екен. Осы сыз тартқан үйде жүрегіннің жалғыз жылуы қарындасы қайтыс болды. Кімге, не арыз айтарын білмей, көзі мөлт-мөлт етіп үзілген бейкүна сәбидің сондағы күйі ағасының санасында сурет болып сақталып қалды.

Ибрагим балалар үйіне алты жыл тұрғын болып, төрт кластық білім алды. Жасы он жетіге толғанда көп қазақтың бас сауғалайтын жері Ташкентке жол тартты. Мұнда да ешкімі жоқ еді, нан тапқысы келген, бірақ жұмыс таппады. Көшеде қанғырып жүріп «Ташкент темиржол техникумына оқушы қабылданады» деген жазуды кезіктірді. Содан не керек, 4 кластық білім алғаны туралы куәлікті 8 кластық деп өзгертіп, техникумға келді. Олар шұқшиып тексеріп жатпады, оқуға қабылдады. Жана бір өмір басталғандай еді. Жатақханаға орнықты, тоя жетгізбесе де тамағы бар, оқуға кірісіп кетті. Бірақ, сабақта «косинус», «синус» деген бірдеңелер шыға бастады. Төрт класс бітірген бала тригонометрияны қайдан түсінсін?! Жаттаудан басқа амал жоқ. Басқалар түсінгенін, ол жаттағанын айтатын.

Сөйтіп күні өтіп жатты. Бір қабат ілгеннен басқа кімі жоқ, кітап алуға ақшасы тағы жоқ. Басқалардың әке-шешелері тамақ әкеліп береді, кім

ортақтастыра берсін, бұл аш-құрсақ. Жатақхананың қабырғасында Сталиннің суреті тұратын. «Халықтардың әкесі» деген жазуы бар еді. «Әке» деген сөзді оқығанда іші жылыды. Отыра қалып хат жазды. Тұл жетім екенін, техникумда оқып жүргенін, бірақ жағдайының өте нашар екенін айтып келтірді. Сөйтті де үшбұрыштап желімдеп, «Москва, Сталинге» деп көрсетіп, пошта жәшігіне тастады.

Бір күні түс мезгілінде жатақханадағы бөлмесіне үш кісі кіріп келді. Қара былғары желбегейлері, кара шляпалары олардың жөй адам еместігін айтпай ұқтырып тұр. «Нұрымбетов сен бе?» деді олар. Ибрагим қорқып кетті, осыдан екі ай бұрын жазған хаты есінен шығып кеткен. «Мен!» деді ұшып тұрып.

Олар Ибрагимді машинаға мінгізіп алып, орталық дүкенге алып келді. Басынан аяғына дейін киіндірді. Бір-бірден емес, қос-қостан әперді. Сосын шойханаға апарып, тоя тамақ ішкізді. Ақырында жатақханаға қайта әкеліп, күтіп тұрған техникум директорына тапсырма бере бастады. «Мына баланың төсек жапқышын екі аптада бір ауыстырасыз, үш мезгіл тамағын қадағалап, оқу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етесіз, апта сайын моншаға түсіресіз!»

Нақ-нақ айтқан тапсырмалары осындай. Директор әлгі адамның алдында үй тапсырмасын орындамаған оқушыдай болып қалды. «Бұл – Сталиннің тапсырмасы, түсіндіңіз бе?» – деп сосын жұмбақ жан бұрылып жүре берді.

Аспаннан Алла Тағаланың шапағаты жауды. Шынында Сталин «халықтардың әкесі» екен. Содан бастап техникум оқушысы Ибрагим Нұрымбетов мұғалімдердің назарында болды. Қатарластарының ішінде кеудесі көтеріңкі жүрді, сабақты да жақсы оқыды.

1941 жылы соғыс басталды. Ибрагимнің ойына Сталиннің



қамқорлығы түсті. Соны қайтаратын кез келді деп әскери комиссариатқа барып, соғысқа сұранды. Тоя жеген асының, тонбай киген киімінің өтеуіне өмірін тікті.

Сонымен Ибрагим алты ай сержанттық курсты оқып, соғысқа аттанды.

1942 жылы 19 қарашада Сталинград шайқасына кірді. Сымдай тартылған солдат болды. Артиллериялық зеңбірек құлағын ұстады. Ауыр зеңбірекпен оқ ату оңай емес, барлық координаттарды дұрыс есептеп шығару керек. Өйтпесең жауды емес, алдыңғы шептегі өз жауынгерлерінді жайлап тастауың мүмкін. Жауынгер Ибрагим Сталинградқа қойылған жау қоршауын бұзу, одан соң фашистер басып алған аймақтарды босату үшін болған шайқастарда жасындай жарқырап көрінді. Оттан ықпады, оқтан бұқпады. Сталинград майданындағы осындай ержүректігі үшін III дәрежелі «Данк» орденін омырауға тақты.

1943 жылы Запарожье қаласын азат ету шайқасына қатысты. Неміс әскері Днепр өзенінің жағасында өте күшті қорғаныс шебін құрған болатын. Ол шепті оқопта жатып оқ атып алу мүмкін емес, тек алға ұмтылу керек-ті. Адам шығынынан аяқ сүрінді. Жауынгер Ибрагим өлімнен қорықпады, өр кеудесін отанға қалқан қылды. Осы шайқаста «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Соғыс кезінде бұл медальдің дәрежесі өте жоғары болатын.

Соғыс қимылдарының бірінде командирінен тапсырма

алған Ибрагим Нұрымбетов грузин офицерімен бірге жау шебіне қарай беттейді. Алайда, ойламаған жерден алдарынан неміс танкілері шыға келеді. Екі жауынгер дереу снаряд шұқанақтарына жата қалып, темір тажалдарға қарсы ұрыс әрекеттеріне кіріседі. Оларды өздеріне жақындатып, жер бауырлап граната лақтырып, екі танкіні өртеп, танкістерді автоматпен атып өлтіреді. Осының бәрін генерал дүрбімен көріп тұр екен. Тапсырманы орындап оралғанда дивизия командирі казак жауынгерінің кеудесіне II дәрежелі «Данк» орденін, жорықтас серігіне «Қызыл жұлдыз» орденін тағады.

Ибрагимнің батальон командирі алматылық орыс жігіті еді. Бірде ол үнемі ұрыстың алдыңғы қатарында жүретін жерлесін үлкен наградаға ұсыну жөніндегі ойын айтады. Бірақ, Ибрагим бұған қарсылық білдіріп, сол награданы өзінің қасындағы тәжік жігітіне беруді сұрайды. Командирдің Ибрагимге жерлес екенін білетін тәжік кеудесіне орден қалысын келетінін айтып жүретін. Адамның дегені бола ма, келесі күнгі ұрыста тәжік жауынгері қаза табады.

1945 жылдың ақпан айында Ибрагим басқыншылардан Тирасполь қаласын және Днепрден өтіп Румыния жерін босаңдап қалғандай, үлкендердің арасынан сығылысып, алға шықты. Керемет текемет! Ою-өрнегін айтсаңызшы. Түстері де көздің жауын алады. Үлкендер де қуанып, оң бағасын берді. Енді арқаны кенге салуға болады. Самаурынды көтерген келін тапшанға жайғасты. Көс қолдан қолға өтіп, тамаша көрініс жалғасын тапты.

Міне, текемет осылай басылатын. Ол әрбір үйдің байлығы іспетті, ерекше құрметке ие болатын. Оны күтіп ұстаудың өзі үлкен еңбек. Текеметтің тарихы ерте дәуірдегі өмір тұрмысынан тамыр тартады. Бетіндегі түр-түс үйлесімі мен ою-өрнекті орналастырудағы тәсілдер халықтың ертедегі мәдениеті мен дүниетанымынан хабар береді. Сол себепті, ондағы ою-өрнектің астары мен мәні зор.

Кім білген кейін осы дүниенің пайдаға жарамай ескі сарайда жататынын?! Қазір текемет төсейтіндер сирек. Бір ойым, кейінгілер текеметті музейден көріп, тамашалайтын шығар.

Анамның қазіргі кілемдерге көңілі толмайды. Үстіне қос-қостан көрпе салсаң да, тақыр жерде жатқандай боласың дейді. Ал, текемет жылы әрі жайлы, жұмсақ. Бір қабат төсеніш салып, жата бересің деп салыстырып отырады. Білегінің күшімен, мандайының терімен басылған текемет ыстық қой...

ғады. Сөйтіп, жеңісті Венгрия жерінде қарсы алады.

Осылайша, омырауы күнге шағылысып, маңдайы жарқыраған жеңіс жауынгері 1947 жылы аман-есен елге оралады. Бейбіт өмірде де ауыр тіршілік күтіп тұр екен.

Келе еңбекке араласқан Ибрагим астық базасында күзетшілердің басшысы, 1950-ші жылдары сауда орталығында кіші тексеруші қызметін атқарады. Осы қызметте жүргенінде сауда саласында істейтін талай жан білімі жетпегендіктен жауапкер болды. Кеудесіне мейірім толған тексеруші Ибрагим кінәсіз адамдарға араша тұрды. Соғыста оқтан қорғаған жұртын өмірде сауатсыздықтан қорғады.

1952 жылы осындай бір оқиға болды. Төменарық стансасының орталығында үлкен аралас дүкен бар еді. Сол дүкеннің сатушысы жас қыз екен. Ибрагимнің қызметтестері осы дүкенді тексеріп, 24 мың сомның тауары жетіспейді деген қорытынды жасайды. Бұл – өте көп ақша, сол қорытындымен дүкенішінің кемінде он жылға сотталатыны анық. Мұны естіген Ибрагим бастығына кіріп, орталық дүкенді қайта тексеруді, осы істі өзіне жүктеуді сұрайды. Сонымен, жұмысқа кіріскен тексеруші Ибрагим дүкенде қаржылық заң бұзушылық жоқ екенін, есесіне кейбір тауарлар бағасының «накладнойда» екі-үш мәрте көрсетіліп, кемшілік кеткенін анықтайды. Нәтижесінде болашағына балта шабылғалы тұрған жас қыз жазадан аман қалады.

И.Нұрымбетов 1954 жылдан бастап Жаңақорған ауданы «Красная Звезда» колхозында жұмыс істеп, шаруашылық экономикасын көтеруге күш-жігерін жұмсайды. 1986 жылы дербес зейнеткерлікке шығады.

Содан он үш жыл ауылдағы үлкен ұлының қолында тұрды. Ауылдың тірлігі мен бірлігіне үлес қосып, ақсақалдық жасады.

Ибрагим ата ақылдың бұлағын ағызып, өсиеттің шырағын маздатып отыратын қазыналы қарт болды. Дүниетанымы терең, зейін-зердесі мол кісі еді. Қартайдым деп бос қарап отырмайтын. Қолынан газет-журналын тастамайтын. Қаламын алып, көрген-білгенін, ойға түйгенін, ақ қағазға жазып отыратын. Жаны ізгілікке, жүрегі шуаққа толы еді. Ұжданды ұрпағына сөзімен емес, ісімен тәрбие берді. Барша халқына қадірін білдірді.

Ол – жақсылыққа жаратылған асқақ болмысымен тірі кезінде-ақ өзіне құламайтын тастұғыр соғып кеткен жан.

Ибрагим атамыз бен Нәлша анамыз бес перзент тәрбиелеп өсірді. Анамыз алпыс алты жасында бақилық болды. Атамыз балаларынан он төрт немере сүйіп, бірнеше шөберенің қолынан су ішті.

Өмірінің соңғы жиырма жылын Қызылордада тұратын баласы Жорабек пен келіні Құлшараның қолында өткізді. Жылы суын құйып, жылы төсекке жайғалған келініне риза болған қарт ақ батасын беріп: «Қазақта тегі кім деген бар, Құлшара келінім Сыр еліне аты шыққан Шахан болыстың шөбересі ғой. Келіміме ризамын, оның құрсағынан өрген балаларға Шахан болыстың бағы қонсын деп тілеймін» депті.

Осындай батыр кісінің баласы мен келінінің қадірлі болмауға хақы жоқ. Жорабек Нұрымбетов – Қазақстанға еңбегі сіңген гидротехник. «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері. Қызылорда қаласының құрметті азаматы. Жорабек аға әкесі туралы:

«Әкем – таза еңбек адамы. Бейнет қылдым деп міндет етпейтін. ҰОС ардагерлеріне берілетін жеңілдіктерден де бас тартты. «Соғыста жүргенде Құдайдан жауымды жеңіп, жұртыма аман қосылуды сұрадым. Құдай сол тілегімді берді. Басқа ештеңе сұрамаймын» дейтін. Өте адал жан болды, елін сүйді. Ылғи тәуелсіз еліміздің болашағы жарқын болсын деп тілейтін» деп еске алады.

Алла тоқсан тоғыз жасты әркімге бұйыртып жатқан жоқ. Жоқшылық тартып, соғыс көрген, денсаулығына ауыр тірліктің елеулі зияны тиген атамыздың ұзақ жасауының негізгі себебі Алланың адалға берген сыйы деп білеміз.

Ибрагим атамның қайтыс болғанын естіп, аяғы кетпеген ел-жан-жастан көңіл қосын жолдап жатыр. Солардың бірі Ғұрсұлтанда тұратын, Ғүмилев атындағы ЕҰУ-дың проректоры Болат Махмудов өз көңіл айтуын:

«Арнайы іздеп ат бұрып, Батаңызды алған жан едім. Жаныңыз болсын жаннатта, Жайлаңыз пейіш әлемін», – деп бірнеше шумақ өлеңіне сыйдырыпты.

Жатқан жерің жұмақ болғай, асыл ата. Еліңіз сізді ұмытпайды.

МҰРА

ӘРБІР ҮЙДЕ ТЕКЕМЕТ,
ТӨСЕЛУШІ ЕДІ КЕРЕМЕТ

Бала кезімізде әжелеріміз сырмақ сырып, кілем тоқып, ұршық иіріп, текемет басқанын көріп өстік. Қой қырку науқаны басталғанда малдың жүнін тастамай жинап қоятын. Кейін оны қолмен тазалап, жуып, түтіп, текемет басатын. Саусағымыз майысып, біз де өзімізге бөлінген міндетті орындайтынбыз. Аққасына өткен жылы қаштың түбінде қалған құртты ұстатын. Тістесен, тісің сынады. Бұл – анамның құлығы ғой. Биылғы құрттың дәмін сезу үшін, бұрынғысын бітіру керек. Амаддың жоғынан қалтаға саласың. Есесіне, көршінің қауынқағына айырбастап мәсің. Сіресің, қанша ауызға салсаң да, жібімейтін құрттан тәуірі осы.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

Ауылдағы мерекенің бірі – текемет басу. Асарға жыйған әйелдер екі иығынан әрең демалып тұрған самаурынан күрөң қою шайды терлеп-тепшіліп ішеді. Өткен-кеткенді айтады. Екінші жағынан текемет басудан тәжірибесі бар, ою-өрнегін қайталамай ерекше жасайтын Салима апаның көзіне түсу – жас келіндерге үлкен мақтаныш. Өткен жылы көрші Сарыжайлау апаның текеметін басқанда Мәрзияның ұзын келіні ептілігін көрсетіп, алғыс алған. Оның алатын жөні бар. Шапшандығында шек жоқ. Әңгіме мен тіршілікке келгенде алдына жан салмайды. Сонда біршама жас келіндер іштей қызғанып қалғаны бар. Бұл жолы көшенің басында тұратын пошташы Сақыпжамал апаға екі текемет басу керек. Бір күн бұрын немересі көше-көшені жағалап хабардар еткен. Азанда апам сонда жиналды. Үстіне айына бір рет ауданға баратын кездегі әдемі



көйлегі мен шашақты орамалын ілді. Тойға бара жатқан секілді. Текемет басуға барарда осылай киінеді, бірақ үстіне бір қылшық қонбайды. Өзі мәз. Төргінге баратын қыздай. Мен де ілесе, артынан жүгірдім. Бұл

әзер тұрған келінін сөзбен түйреп қояды. Ол да көштен қалмай, тырысып бағуда. Бәрі тізіліп, тізерлеп отырып, білекке күш салып, істі де тындырып, әнді де

Орманды өрттен
қорғайық

Өрт дегеніміз – бұл адамның өмірі мен денсаулығына, қотам мен мемлекетке зиянын тигізетін, қоршаған ортаға үлкен материалдық зақым келтіретін, қоршаған ортадағы заттардың бақылаусыз жануы.

Орман және дала өрттерінің алдын алу және жою бойынша облыста біршама жұмыс атқарылды.

Облыс аумағында мемлекеттік орман қоры жерлерінің жалпы көлемі 6,5 млн гектарды құраса, оның ішінде орманды алқабы 3,1 млн. гектарды құрайды.

2020 жылдың өрт қауіпті маусымында «Қызылорда облысы аумағында орман және дала өрттерінің алдын алу және жою жөніндегі іс-шаралар жоспары» облыс әкімінің орынбасарымен **2020 жылғы 3 наурыз**да бекітілді.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің *(19.03.2020 жылғы №27-5-6/65)* бұйрығымен Қызылорда облысының мемлекеттік орман қоры жерлерінде өрт қауіп бар маусым **26 наурыз** болып белгіленді.

Дала өрттерін сөндіру мақсатында, облыста **2512** адамнан тұратын **235** ерікті өрт жасағы ауыл әкімдері жанынан құрылған.

Бүгінгі күні, орман шаруашылығы мекемелерінде **9** дана өрт сөндіру автокөлігі мен **54** тұрақты өрт сөндіруші қызмет атқарады.

Орман өртін алдын алу мақсатында, **488** шақырымға жанадан өрт жолақтары жүргізіліп, **1879** шақырымға ескі өрт жолақтары қалпына келтіріледі. Өрт қауіпті деген жерлерге **86** дана анишайтар мен паннолар орналастырылады.

Өрт қауіпті учаскелерде **16** дана өрт қадағалау мұнарасы орнатылған, орман шаруашылығы мекемелерінде кезекшіліктер ұйымдастырылады.

2020 жылы өрт маусымы басталмай тұрып **11** жағдай тіркелді. Орын алған орман өрттерінде шөңгел, жығыл, қамыс өртенген. Өрт – тілсіз жау.

Орман өрттеріне дайындық барысында **2020** жылдың өрт қауіпті маусымында **56,4** тонна жанар-жағармай материалдарының қоры, оның ішінде **орман шаруашылығы мекемелерінің 19,8 тонна** жанар-жағармай материалдарының қорын дайындады.

Орман шаруашылығы мекемелері жыл басынан бері елді мекендер мен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне ескерту хаттар беріп, ұнарақшалар таратуда, елді мекендерде, мектептерде лекциялар оқылып, әңгімелесулер өткізілуде. Орман және дала алқаптарындағы жану оқиғалары мен өрт қауіпсіздігі талаптарының алдын алу бағытындағы жұмыстар жалғаса беретін болады.

БАХМЕДОВ,
Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы.



● ИМАНДЫЛЫҚ

Әлем мұсылмандары асыға күтетін Рамазан айы биыл 24 сәуір күні басталады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы В.Г.Фесенков атындағы Ұлттық ғарыштық зерттеулер және технологиялар орталығының ғылыми мәліметіне сүйеніп, Өзбекстан мен Қырғызстандағы әріптестерімен кеңесіп, осындай тоқтамға келді.

Sb Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы».

Бұл Рамазан бұрынғыдан өзгередек

Ел аумағында карантин жарияланған кезде қасиетті айды өткізудің өзіндік ерекшеліктері болатыны сөзсіз. Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының айтуынша, биыл тарауық намазы үшін жамағат жылдағыдай мешітке жиналмайды. Оның орнына әр адамның өз шаңырағында отбасы мүшелерімен бірге оқуына кеңес беріп отыр. Ауызашарды да әркім өз шаңырағында өткізуі тиіс.

– Жұқпалы індет таралуының алдын алу мақсатында мешіт, дәмхана, қоғамдық орындар мен баска да мекемелерде жиналып, ауызашар беруді уақытша тоқтату керек. Карантин күндері халықты отбасы мүшелерімен үй ішінде ауызашар өткізуге, көпшілік жерде жиналмауға шақырамыз! – деді бас мүфти орталық коммуникациял қызметінің онлайн бриффингінде.

Республика мешіттерінде жұма намазы тоқтағалы бір айдан асты. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының пәтуасында бұл туралы: «Ислам діні кейбір ғибадаттарды қауіпті жағдайларда уақытша тоқтатуға рұқсат береді. Мысалы, адамның өміріне, денсаулығына, мал-мүлкіне, бала-шағасы мен отбасы мүшелеріне әлдебір залал тиетін болса, шариғатшысы оның мешітке келіп, бас уақыт намазды жамағатпен оқуын, тіпті жұма намазға қатысуын міндеттемейді» делінген.

Жер жүзіндегі шамамен 1,6 миллиард мұсылманның көбі бір ай бойы таңнан кешке дейін Алла разылығы үшін ауыз бекітуге дайын. Оразаның қасиеттілігі сонда, адам ішіп-жеуден бөлек, арамнан, өсек-аяннан тыйылады. Әлемді індет жайлаған шақта күні бойы ас-сусыз жүру иммунитеттің төмендеуіне әсер етуі мүмкін екені жиі айтылып жүр қазір. Дегенмен,

диетологтар оны көтерудің түрлі амалдарын ұсынып отыр.

– Қатық, құрт, ірімшік өнімін қолданған дұрыс. Олардың құрамындағы болғар тақшшалары ішек құрылысының жұмысын жақсартады. Жеңіл-желпі сорпа да пайдалы. Асыра сілтеп тамақтанбаған жөн. Өйткені бұл уақытта асқазанымыз кішірейеді. Оны толтырып, қосымша салмақ түсрудің қажеті жоқ, – дейді диетолог Аңсаған Аллабергенқызы «Евразия» арнасындағы сұхбатында.

Шариғатта балиғат жасына толған, ақыл-есі дұрыс әрбір мұсылманға Рамазан айында ораза ұстау міндетті. Жолаушы, сырқат, жүкті немесе емизулі баласы бар әйелдер ғана оны басқа жолы тұтады.

– Денсаулығы жете тұрып, «иммунитетім түсіп кер» деген желеумен ораза ғибадатынан, оның мол сауабынан алыстауға болмайды. Құранда («Бақара» сүресі, 185-аят): «Рамазан айы туғанын көрсендер, ауыз бекітіндер. Кім де кім сырқаттанса немесе жолға шыкса (аузын ашуына рұқсат), басқа күндері өтесін. Алла сендерге ауырлық емес, жеңілдік тілейді», – делінген. Тек төтенше жағдай уақытында жеке бас тазалығын барынша ұстану керек. Кісі сырқат болса, ораза кезде организмді әлсіретіп алмау жөнінде дәрігер кенесіне жүгінгені жөн, – дейді дінтанушы Қайырбек Отызбаев.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы да жаһан жұртын қасиетті айда санитарлық-гигиеналық шараларды қатаң сақтауға шақырды.

Биыл пітір-садақа құнында да өзгеріс бар. Қазақстан мүфтияты оны 370 теңге етіп бекітті. Пітірді Рамазан айы аяқталғанша төлеуге болады. Зекеттің мөлшері ұнның өзіндік құнына қарай есептеледі. Бұлтыр бұл сома 300 теңге шамасында еді.

● ЖЕЛІДЕГІ ЖАЗБАЛАР

Құрттан туған хикая

Қолыма екі түйір құрт іліккені. Әлдекімді дәлдеп ұрсаң, көзін шығаратындай тастай екен. Ауызға атып ұрып, өрі-беріден соң тіске де салып көргенмін. Болмады. Екі ұртқа кезек-кезек аунатып қойып, осы құрттан туған хикаяны жазба бастадым ал. Әй, өзі де біраз ермек болды. Сағат сайын темекі тіселейтін ауыз шіркіннің де іші пыспады-ау бұл жолы...

Sb Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы».

Бұл кай жылы екені есімде жоқ, әйтеуір бала күнім. Бастауыш сыныптамын. Жаңа жылға тұп-тура бір апта қалған уақытта Бейбітгүл ұстаздың тапсырмасы мынау болды:

– Жақында кластың шыршасы болады. Ата-аналарыңа айтыңдар. Әр бала өз сыйлықтарын жасайды. Соны әкеліп тапсырасыңдар.

Мұғалім айтқан соң, сабақтан кейін салып ұрып үйге жеттім. Өншейінде мұзды арықты жағалай, былғары сөмкені шана етіп, төбеден сырғанап, ойын шіркіннің есін тандыратын Ежекiтiн (бұл үйдегілердің атауы) мектептен ерте оралуы үйдегілерге Меккеден келгендей әсер етті.

– Әй, біреумен төбелескеннен сауымысың? Танауың танқып. Алақ-жулақ етіп, бірдеңе бұйдірген ғой тағы. Әлде сабақтан қаштың ба?! Есіктен апамнан бұрын үлкен тәтемнің даусы қарсы алды мені. Ашулы болғанмен, оның апамнан бата қоймайтынын білетін мен, бірден солай қарай жылыстай жөнелдім. Мұндайда қожаның қызы – Сары кемпір қорғаныс министрінен кем емес.

– Апа, – дедім жанына жете сыбырлай сөйлеп. – Маған падаркі керек.

– Өй, саған күнде падаркі бар ғой. Сөйтті-дағы да ішкі қалтасын ақтарып, Қазалының ащы көмпитін шығара берді.

– Ондай емес. Апам түсінбей әлек. Мен быжырықтапып, мұғалім айтқан тапсырманы әйтеуір түсіндірген болдым.

– Ө-ә, – десті апам. – Соны да жыр қылады бұлар. Тамағыңды іш те, сабағыңды оқы. Ертенгісін өзiм дайындап қоямын падаркіңді. Осылай деген апамның қулана күлгені есімде.

Сол түні қалай болғанын білмеймін, ертенде қағаз қалтаға сықап толтырылған жаңа-жылдық сыйлықты апайыма әкеп тапсырғанмын. Ішіндегі сол кезгі бар тәтті – вафли, «Пикник» деп аталатын пешенайды, «Албени», коржик, пряниктің дәмін елестетудің өзі қызық еді. Жан Клод Ван Дам мен Шварценеггер сынды шетелдік әртістің суреті бар наклейкалы сағыздарды қиял-мылмен шаһнағанымды қалай ұмыттайын?!

Қош, күткен Жаңа жылың да келді. Мерекелік ертеңгілікті бастап кеп жібердік. “Аппақ, аппақ, жапалақтап, Қар жауады тынбастан” деп сарнатып ән са-



лып, қол ұстасқан күйі шыршаны айналып та алдық. Шырша демекші, кәдімгі көше беттегі қара талды мектеп ұстасы Марат аға түнеуегіні бағталап жатқан. Бір білсем, соны спорт залдың қақ ортасына тікейте салған сияқты.

Кезек жаттаған тақпаққа келді. Не айтқанымды анық білмеймін, әйтеуір төрт жолды өленді судыратып өте шыққаным есімде. Қазақы шапанды киіп, ақ мақтамен бет-аузын көмкеріп алған, жоғары сыныпта оқитын көрші Кәлдік – Қанжарбектің Аяз ата екенін күні бұрын білетін менің бар ойым сыйлықта. Құмардан шығып, сілейте бір тою.

Мереке аяқталған соң, сыйлықты сөмкеге тыға салдым. Ал, үйге қарай зымыра енді, Ежек! (Айтпақшы, осы жазбаны жазба бастағалы ауызға тоғытқан анағай құрт әлі сол күйінше. Қап-қатты. Сірә, бал-таласан ғана күйсеп жеуге болатын сияқты.)

Хикаяның қызығы кеп қалды. Үйге жеткен соң, сыртына Қожасов деп «пламастрімен» сүйкете жазылған апайдың жазуын бір оқып шықтым-дағы, қағаз қалтаны абайлап аша бастадым. Енді ше?! Абайламасаң, ішіндегі бар тәттінің қызығы болмай еді. Жақында ғана туыс ағам үй сыртын жағалай қоршап алды. Кәдімгідей аралық тіреу ағаштар астына цемент құйып, екі метрлік жұқа қанылтырды қатар-қатар үш жерден белдеулеген ағашқа тастай етіп қағып өте шықты. Шегені аямады, біздегі күндегі желге төтеп беретіндей, қатырып істеді енді. Бір апталық жұмыс біткесін жеңей шықты желкідеп. Қолында екі-үш метрлік қызыл шүберек. Дар-дар еткізіп, қарулы қолмен айырып төртке бөлді де, жаңа қанылтырлы қоршаудың төрт бұрышына шарт түйіп байлап

ащы көмпигі де осында жүр. Ызадан өкіріп жылап жібердім. Жыламай қайтейін, екі күн қиялымдағы тәттілер алдымнан шықпаса?!

Қазір ше? Ер жеттік. Есейдік. Тақырбас күйден шаш қойып, тарак ұстайтын халге жеттік. Балалықпен отбасы жағдайын сол кезде ұға қоймаппын. Жалғыз апамның зейнетақысы азық-түлікке жетпегенде, менің жаңажылдық «падаркіме» қай-

шықты. Сөйтіп «уһ» деп дем алғаны бар.

Бәріңіз білесіздер, көктем келгеннен құрылыс деген науқан басталады. Жағдайы жеткендер үй соғады, қаржысы сәл кемшіндері «временка» тұрғызады, тіпті, жөк дегенде, үй ішін ақтап-сырлап аламыз. Айтпағым бұл емес. Жаңа бірдене тұрғызсақ немесе көлік алсақ, желбіретіп қызыл шүберек байлаймыз. Онымыз «көз тимесін» деген ой ғой. Әлдебір жаманат ойлайтын адамның бар лиғылы осы қып-қызыл шүберекке ауалды да, жаңа дүниеміз тіл-сұқ тиюден аман қалады деген түсінік. Бұл ырымға сай емес ұғымның әдепкі төркіні қайда жатыр?!

Ертеректе көшпелі заманда үлкен, іргелі ауылға жақындаған бір топ сырт елдің адамы мынадай жағдайға тап болары дейді. Сол ауылдағы әр киіз үйге қызыл шүберекті көптеп байлап тастаған екен. Сонда жолаушының үлкендеуі ат басын жел жакка бұрып, «бұл ауылға түспейміз» деп, сырт айналдыты. Неге? Бұрынғылар қара танымай, жазу-сызудан ада болса да, өзге жұртқа зиян тигізуден аулақ болған. Жаңағы ауыл тұтастай жұқпалы індетке шалдыққан. Бүгінгіше жамандатқыр вирус секілді ғой. Мүмкін – оба, мүмкін – тырысқақ. Оның анығын қайтесіз, мына жазбаны ілгері оқи түсіңіз.

Сырттан келе жатқан бөгде адамға бұл қызыл шүберек «өлгін келмесе, әрі жүр» деген белгі еді. Әлгілердің келген ізімен кері қайтуы да сондықтан. Осылай сактандырған. Он-дәй ауылға жау да шаппайтын болған. Қызыл шүберек болмаса, әй сыртына етін жайған. Еттің түсі қызыл. (Өрі етке қатысты «қызыл» сөзі қосарлана жүреді, «қызылсырап» жүрміз, ет жемегелі біраз болды деп тісінің суын соратындарды сіз де кездестірген боларсыз). Айтпақшы, тұтас ауылдың ішінде бір үй ғана қызыл шүберек байласа, демек, ол үйде наукас адам бар деп түсінген. Ол үйге барудың қажеті шамалы, мазасын алмау керек деген сөз – бұл. Солай. Ал сіз, әжетхана салсаңыз да, қызыл шүберегіңізді желбіретіп жүрсіз бе?!

Түйінін мен жазбаймын. Ішіңіз ұғып тұр. Телефон не теледидардан-ақ үздіксіз бүгінгі ахуал туралы сайрап жатыр, жергілікті билік ауық-ауық үндеуін айтып-ақ отыр. Бүгінгі әлемді дүрліктірген тәжтажалдан қорғану – оқшаулану.

Қара танымаса да, көзі тани білген ата-бабамың осындай әдіспен өзін де, өзгені де сақтау жолын көзі ашық, мектеп пен университетте тауысқан бүгінгі біз дұрыс сақтап жүрміз бе?! Қызыл шүберекті білмеймін, жай үйде отыру көп оқуды қажет етпейді. Уақытша кезеңде әр іске бірлік қажет. Бекемдік дұрыс.

#ҮЙДЕБОЛЫҢЫЗ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысы Полиция департаментінің емханасына төмендегі көрсетілген бос лауазымдар бойынша дәрігерлерді жұмысқа қабылдау жұмыстары жүргізілуде.

1. Қызылорда облысы Полиция департаментінің емханасының дәрігер офтальмолог – 1 бірлік. 1,0 еңбек мөлшерімен. */Білімі: дәрігер-офтальмолог/.*

2. Қызылорда облысы Полиция департаментінің емханасының округтік әскери-дәрігерлік комиссиясының дәрігер-офтальмолог сарапшы – 1 бірлік. 0,25 еңбек мөлшерімен. */Білімі: дәрігер-офтальмолог/.*

3. Қызылорда облысы Полиция департаментінің округтік әскери-дәрігерлік комиссиясының дәрігер-терапевт сарапшы – 1 бірлік. 1,0 еңбек мөлшерімен. */Білімі дәрігер-терапевт/.*

4. Қызылорда облысы Полиция департаментінің округтік әскери-дәрігерлік комиссиясының психофизиологиялық зертханасының психолог-сарапшы – 1 бірлік. 1,0 еңбек мөлшерімен. */Білімі: психолог/.*

5. Қызылорда облысы Полиция департаментінің округтік әскери-дәрігерлік комиссиясының психофизиологиялық зертханасының функционалдык диагностика жөніндегі дәрігер сарапшы – 1 бірлік. 0,75 еңбек мөлшерімен. */Білімі: дәрігер-психолог/.*

6. Қызылорда облысы Полиция департаментінің емханасының бактериология зертханасының фельдшер-лаборанты – 1 бірлік. 1,0 еңбек мөлшерімен. */Білімі: фельдшер-лаборант/.*

Ескертеп: Конкурса қатысушылардың жоғары дәрігерлік білімі, бактериология фельдшер-лаборанты мамандығымен дипломдары және таңдаған мамандықтары бойынша сертификаттары болуы, сонғы 5 жыл ішінде мамандығы бойынша білімін жетілдіргендігі туралы куәліктерін ұсыну қажет.

Конкурса өтініш білдірген азаматтар төмендегі көрсетілген кезеңдерден өтеді:

- Конкурса қатысу үшін қажетті құжаттарды хабарландыру соңғы жарияланған күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

- **Құжаттарды қабылдау орны:** Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі №18 Қызылорда облысы ІІД, №219 қызметтік бөлмесі. - Біздің мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі №18, Қызылорда облысы ІІД, инд. 120014. **Байланыс телефоны: 8/7242-/29-70-31,** электронды мекен-жайы: **a.i.zileuov@mvd.gov.kz**

Кадр саясаты басқармасы.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

ХАБАРЛАМАЛАР

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-45)

«Арысқұм кенішіндегі биотогандарды тазалау құрылғыларын орнату» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-25-02) «Арысқұм кенішіндегі 232, 275

ұңғымаларын электрмен жабықтау» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-25-03) «Арысқұм кенішіндегі №232, 275 ұңғымаларына кірме жол» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық

бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-25-01) «Арысқұм кенішіне мұнай жинау жүйесі. №232, 275 ұңғымалардан аралық құбырлар тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.

Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық казак академиялық музыкалық драма театрының ұжымы театр есепшісі Дайрабаева Жібекке жолдасы

Дайрабаев Дулат Аралбайұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)